


ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасына ресми сапармен барды.

Президенттің жұмыс сапары Төраға Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізуден басталды. Қытай елінің басшысы Қазақстан Президентін Бейжіңдегі Халық жиналысы үйінде қарсы алды. Мәртебелі мейманның келуіне орай Құрмет қарауылы сап түзеп тұрды. Содан кейін мемлекеттер басшылары өз делегацияларымен бірге Үлкен шығыс залында келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Си Цзиньпиннің «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастығының ІІІ форумына қатысуға шақыруын зор ықыласпен қабыл

алып, Қытайға тағы да сапармен келгенін атап өтті. Сондай-ақ Мемлекет басшысы жан-жақты әрі мәңгілік стратегиялық серіктестікке негізделген қазақ-қытай қатынастары қарқынды дамып келе жатқанына назар аударды.

— Біз барлық бағыт бойынша тиімді мемлекетаралық ықпалдастықты жолға қойдық. Сіздің былтыр қыркүйек айында Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапарыңыз өзара байланыстардың барынша нығаюына тың серпін берді. Сапар аясында елдеріміз арасындағы ынтымақтастықтың жаңа «алтын 30 жылдығы» басталды. Мемлекеттеріміз арасындағы сауда-саттық табысты дамып келеді. Айтарлықтай өсім бар. Инвестицияның жалпы көлемі 21 миллиард доллар болатын 52 бірлескен жоба жүзеге асырылып

жатыр. 2024 жыл Қытайда Қазақстан туризмі жылы болып жарияланды. Бұл осы сала үшін мол мүмкіндіктерге жол ашады. Өзара мәдени-гуманитарлық байланыстар үшін қолайлы жағдай жасалуда. Мемлекетаралық қарым-қатынастарды мүлдем жаңа деңгейге шығару үшін Қазақстанның да, Қытайдың да орасан зор әлеуеті бар деп санаймын. Осы мүмкіндікті пайдаланып, құрметті Төраға Си Цзиньпин, сізді келесі жылы Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде ҚХР Төрағасы шақыруын қабыл алғаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту маңызды екенін атап өтті.

— Жоғары деңгейдегі «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастығының

ІІІ форумына қош келдіңіз! Орнықты әрі қарқынды қазақ-қытай қатынастары екі ел арасындағы өзара сенімді нығайтып, бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау ісінде батыл әрекет етуге септігін тигізеді. Халықаралық жағдайдың қалай құбылатынына қарамастан, Қытай мен Қазақстан елдерінің бастапқы ұстанымдарынан айнымай, бір-біріне жәрдемдеседі. Елдеріміз арасында достық қатынастар орнаған жылдар ішінде біз мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік қалыптастыра алдық. «Бір белдеу, бір жол» жобасын 10 жыл бұрын Қазақстанда көтерген едім, — деді Си Цзиньпин.

ҚХР Төрағасының айтуынша, Қытай Қазақстанның егемендігі мен аумақтық тұтастығын, сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асы-

рылып жатқан ауқымды реформаларды толықтай қолдайды.

Келіссөз барысында тараптар сауда-экономика, мұнай-газ, мұнай химиясы, энергетика, қаржы, көлік-транзит, атом өнеркәсібі, машина жасау, туризм, электронды коммерция және жоғары технология салаларындағы жан-жақты ықпалдастықты дамыту мәселелерін талқылады. Мемлекеттер басшылары бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ мәдениетаралық байланыстарға жағдай жасау маңызды екеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпиннің келіссөзі нәтижесінде екі елдің делегация мүшелері бірқатар маңызды құжатқа қол қойды.

(Жалғасы 2-бетте)

АЗ АСТЫҚТАН ҚАЗАҚСТАН ТАРЫҚПАЙ МА?



Ауыл шаруашылығы министрлігінің, сарапшылардың байламынша, биылғы жыл сала үшін қиын болды. Климат елдің оңтүстігінде де, солтүстігінде де айтарлықтай өзгеріп кетті. Салдарынан күзгі орақ науқаны әдеттегіден ұзады: егістіктерге комбайндар шығатын кезде, тамыздың 20-сынан бастап, жаңбыр нөсерлете төкті. Піскен дән ылғалданып, алды қызып, көктеп кетті. Қазіргі ахуал қандай?

**ҰСАҚ ШАРУАЛАР
ЕГІН ЖИНАУҒА ЕНДІ КІРІСТІ**
Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, республика көлемінде астық жинау науқаны аяқталуға таяды. 16 қазандағы жағдай бойынша, 15,6 миллион гектардан егін орылыпты. Бұл елдегі биылғы бүкіл егістік алқабының 90,2%-ы көрінеді. Жаңа егіннің орташа өнімділігі төмен: әр гектардан 9,3 центнерден ғана айналды.

5 ►►

ҚАРЖЫ АЛАЯҚТАРЫНА ЖАЗА ҚАТАЛ



6
БЕТ

ЖЫЛТ ЕТЕДІ БІР ҮМІТ...



8
БЕТ

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУҒА СЕРПІН БЕРУ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында елімізді аумақтық дамытудың жаңа тәсілдерін енгізу керек екенін айтып келеді. Жаңа тәсілдер қалалар мен шалғай аудандардағы өмір сүру сапасын арттырып, сондай-ақ өңірлік экономиканың дамуын ынталандырады. Иә, өңірлер өркендесе, тұтас ел де көркейе түсері сөзсіз. Осы ретте аталған мәселе бойынша Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі, Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Ұлықбек Тұмашиновтен сұхбат алған едік.

4 ►►

АЙМАҚТЫҢ БРЕНДІ АСТАНАЛЫҚТАРҒА ЖЕТТІ

Елордада өткен айдан бастап өңірлік тауар өндірушілердің ауылшаруашылық жәрмеңкесі тұрақты өтіп жатыр. Мұндай игі шараның ұйымдастырылуы қала тұрғындары үшін өте тиімді. Себебі аймақтағы фермерлер ала жаздай еткен еңбегін өткізсе, тұрғындар таза табиғи өнімді нарықтағы бағадан әлдеқайда арзанға сатып ала алады.

Айта кету керек, жәрменке маусымын алғаш болып Түркістан облысының аграршылары бастап берген. Өңірден келген 70-ке жуық ауыл шаруашылығы өндірушісі 556 тонна өнімін ұсынды. Оның ішінде ет және ет өнімдері, көкөністер мен жемістер, сүт өнімдері, бакша, бал, жеміс шырындары мен консервіленген өнімдер, балық, жұмыртқа және нан-тоқаш секілді әртүрлі азық-түлік тауарлары нарықтағы бағадан әлдеқайда төмен сатылды.

5 ►►



4 670202 1250024



ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА



(Басы 1-бетте)

ӘЛ-ФАРАБИГЕ ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзі білім алған Бейжің Тіл және мәдениет университетінің аумағында ортағасырлық философ, ғалым Әбу Насыр әл-Фарабиге арналған бюстті салтанатты түрде ашу рәсіміне қатысты.

Ашылу рәсіміне ҚХР білім министрінің орынбасары Ван Гуанянь, университеттің Партия комитетінің хатшысы Ни Хайдун, ректоры Дуан Пэн және Мемлекет басшысына сабақ берген университет профессоры Лю Шицинь, сондай-ақ ҚХР Мемлекеттік өнер мұражайының директоры, мүсін авторы У Вэйшань қатысты.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, әл-Фарабидің әлемдік өркениетке қосқан зор үлесіне айрықша тоқталды. Сондай-ақ Президент энциклопедиялық деңгейдегі, яғни жан-жақты білімі бар әл-Фарабиді замандастары Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» деп атағанына назар аударып, ғұлама ғалымның еңбектері әрдайым өзекті, мән-мағынасын жоғалтпайтынын атап өтті.

— Оның шығармалары — әлемдік ақыл-ойдың алтын қорына қосылған құнды қазына. Әл-Фарабидің 1 150 жылдығы ЮНЕСКО-ның атаулы күндерінің жандандық тізіміне енгізілді. Біз 2020 жылы осы мерейтойды ерекше атап өттік. Халықаралық ғылыми симпозиумдар, конференциялар ұйымдастырылды. Монографиялар мен жинақтар басып шығарылды. Деректі фильмдер түсірілді. Мұның бәрі әл-Фарабидің еңбектерін терең түсінуге мүмкіндік береді, оның мол мұрасын жан-жақты насихаттауға жол ашады. Енді Қытай ғалымдары мен жастарына философ жайлы бірқатар ғылыми еңбектер қолжетімді болады. Осы құнды деректермен, ең алдымен, Бейжің Тіл және мәдениет университетінің оқытушылары мен студенттері таныса алады. Бұл — қуантарлық жайт. Мен де кезінде осы оқу орнында тура қырық жыл бұрын білім алдым. Сондықтан бүгін Әбу Насыр әл-Фарабидің мүсінін ашу — мен үшін зор мәртебе, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент Бейжің лингвистикалық институтында табылмайа-дан өткен кезінде өзіне дәріс берген профессор Лю Шициньмен әңгімелесті.

— 40 жылдан кейін білім алған университетіме келіп, өзіңізді аман-сау көргеніме өте қуаныштымын. Мен сіздің еңбекқорлығыңызды, табандылығыңыз бен ерік-жігеріңізді ерекше бағалаймын. Сіздің шәкірттерге берген біліміңізге баға жетпейді. Мұның бәрі сіздің кәсібилігіңізді, ыждағаттылығыңызды және өз ісіңізге деген адалдығыңызды көрсетеді. Құрметті демалыста екеніңізді білемін. Соған қарамастан, университеттің қоғамдық өміріне атсалысуды жалғастырып, мәдениетаралық байланыстардың дамуына зор үлес қосып жүрісіз, — деді Мемлекет басшысы.

Іс-шара соңында Президент Бейжің Тіл және мәдениет университетіне Әбу Насыр әл-Фарабидің портретін сыйлап, осы оқу орнында білім алып жатқан қазақстандық студенттермен әңгімелесті.

АЛПАУЫТ КОМПАНИЯЛАРМЕН ЫҚПАЛДАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Қазақстан Президенті ҚХР-ға ресми сапары аясында бірқатар лауазымды тұлғамен кездесті. SINOPEC компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Ма Юншэнмен кездесуі барысында өзара ынтымақтастық және мұнай-газ химиясы мен энергетика салаларындағы бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру перспективалары талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев SINOPEC компаниясының полиэтилен өндірісі жобасына толыққанды серіктес ретінде қатысуы Қазақстанның аталған кәсіпорынмен орнықты ықпалдастығының айқын дәлелі екенін атап өтті.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев YTO Express Co., Ltd компаниясының басқарма төрағасы Юй Хуэйцзяоны қабылдады. Кездесу барысында электронды коммерция, көлік және логистика салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастық перспективалары талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде Alibaba, Wildberries, OZON және JD.com секілді ірі маркетплейстер жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Қазақстан 2030 жылға қарай электронды сауда үлесін жалпы саудасаттық нарығының 20 пайызына дейін жеткізуді жоспарлап отыр.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайға ресми сапары аясында CITIC Group компаниясының басқарма төрағасы Чжу Хэсиньмен кездесу өткізді. Әңгімелесу барысында энергетика, мұнай химиясы өнеркәсібі және басқа да маңызды салалардағы өзара серіктестікті нығайту мәселелері талқыланды.

— Біздің тұрақты кездесулеріміз арадағы ынтымақтастықтың стратегиялық сипатын білдіреді. Билы мамыр айында CITIC Construction компаниясы қазақ-

орнықты дамуына қосқан елеулі үлесін жоғары бағалаймыз. Қазақстан Қытаймен достық, тату көршілік қарым-қатынасты және жан-жақты стратегиялық ынтымақтастықты нығайтуға қашанда ерекше мән береді. Қазақстан ҚХР-дың сенімді стратегиялық серіктесі әрі тату көршісі болды келді және келешекте де солай болып қала береді. Бүгінде қазақ-қытай қатынасы қарқынды дамып жатыр. Бұған жоғары деңгейдегі белсенді саяси диалог, сондай-ақ екі ел үкіметтерінің үйлесімді жұмысы ықпал етуде, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті Бейжіңге ресми сапары аясында Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэнциньмен кездесу өткізді. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев ғасырлар бойғы достық пен өзара қолдаудың берік арқауына сүйене отырып, Қазақстан мен Қытай мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік рухында тұрақты нығайып келе жатқан үлгілі мемлекетаралық ынтымақтастықтың негізін қалағанын атап өтті.



стандық серіктестерімен жалпы инвестиция көлемі 2 миллиард доллар болатын жобаларды іске асыру жөніндегі 5 құжатқа қол қойды. Маңызды жобалардың бірі — Ақтаудағы Caspi Bitum зауытының мұнай өңдеу қуатын жылына 1,5 миллион тоннаға дейін жеткізу. Маған «ҚазМұнайГаз» бен CITIC Group арасында тиісті келісімге қол қойылғаны жөнінде мәлімет берілді. Құрылыс саласында мол тәжірибенің бар екенін ескерсек, бұл жоба сапалы әрі қысқа мерзім ішінде жүзеге асырылады деп ойлаймын, — деді Мемлекет басшысы.

Ал Қазақстан Президентінің CRRC Corporation Limited компаниясы басқарма төрағасы әрі атқарушы директоры Сунь Юнцаймен кездесуінде машина жасау және теміржол транспорты салаларындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Президент еліміздің озық технологияларды қолдану және теміржол техникасына қызмет көрсету орталықтарын ашу арқылы локомотивтер өндірісінің жергілікті үлесін арттыруға мүдделі екенін атап өтті. Осы орайда Мемлекет басшысы Қазақстанның негізгі көлік-логистикалық хаб екенін айтып, сол арқылы CRRC компаниясының Еуразия кеңістігі мен Еуропа нарықтарына шыға алатынын жеткізді.

Сапар аясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Ли Цянмен кездесті. Кездесу барысында Қазақстан мен Қытай арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестіктің жай-күйі және оны дамыту перспективасы талқыланды. Қазақстан Президенті Қытайдың қарқынды әлеуметтік-экономикалық дамуын ерекше ықыласпен бақылап отырғанын атап өтті.

— ҚХР Үкіметі әлемді тұрақсыздық жайлап тұрған қазіргі кезеңде экономиканың орнықтылығын қамтамасыз етуге қатысты маңызды мәселені тиімді шешіп отыр. Қытайдың жаһандық экономиканың

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қытайдың Халықтық саяси консультативтік кеңесі Бүкілқытайлық комитетінің төрағасы Ван Хунинмен келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысының айтуынша, қазақ-қытай қатынастары мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестіктің жоғары деңгейіне жетті. Бұл ретте ел басшыларының тұрақты кездесулері елеулі рөл атқарды. Өйткені келіссөздер барысында тату көршілік қарым-қатынас пен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі нығайту үшін негіз қаланады.

СИМВОЛДЫҚ МӘНІ ЗОР БАСТАМА

Қазақстан Президенті Бейжіңге ресми сапарының екінші күнінде «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастығының III форумының ашылу рәсіміне қатысты. Мемлекет басшысы өз сөзінде Қытайдың жандандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіндегі шешуші рөліне назар аударып, оны экономикалық және технологиялық дамудың локомотиві ретінде атап өтті.

— Қазіргі геосаяси жағдайда «Бір белдеу, бір жол» бастамасы қажетті халықаралық жобаға және ынтымақтастықтың ірі платформасына айналды. Бұл жоба Қытайдың экономикалық қуатын, сондай-ақ оның жаһандық деңгейдегі жаңа белестерді бағындыруға ұмтылысын көрсетеді. Осыдан он жыл бұрын Сіз Қазақстанда алғаш рет «Бір белдеу, бір жол» ұзақмерзімді бастамасын ұсынып, оның басты қозғашы күші болдыңыз. Мұның символдық мәні зор. Осы маңызды мерейтойды атап өте отырып, бүгінде Сіздің бастаманың өзінің қажеттілігін көрсетті және әлемдік қоғамдастық тарапынан мойындалып, жаһандық ауқымдағы үлкен жобаға айналды деп сенімді түрде айта аламыз, — деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы аталған бастаманың елдер арасындағы

мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға, тату көршілік қатынастарды, достық пен өзара түсіністікті нығайтуға елеулі үлес қосатынына тоқталды.

— «Бір белдеу, бір жол» Ұлы Жібек жолы ренессансына тың серпін берді десек, артық айтқанымыз емес. Сондықтан Қытайдың бұл бастамасы — XXI ғасырдың мегажобасы. Бұл — әділ баға, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның жетістіктері жөнінде де айтты. Осы ретте, Президенттің пікірінше, Еуразия кіндігінде орналасқан еліміз, Солтүстік пен Оңтүстікті, Батыс пен Шығысты байланыстыра отырып, бастаманы іске асыруда ерекше рөл атқарады. Оның айтуынша, Қытаймен арада созылып жатқан ортақ шекарасы бар әрі аумағы үлкен құрлықшілік мемлекет ретінде Қазақстан халықаралық маңызға ие көлік-логистикалық торапқа айналуға барынша күш салып отыр.

Мемлекет басшысы өз сөзінде аса ірі жобаның — Транскаспий халықаралық көлік бағытының ерекше рөліне назар

кәсіп және азық-түлік секторындағы ықпалдастыққа келер болсақ, бұл бағыттағы әлеуетіміз зор. Қазақстан Қытай нарығына экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерін тұрақты жеткізе алады деп санаймыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Қазақстанның шекаралас төрт облысы мен Шыңжаң өлкесі арасында тығыз байланыс орнаған. Қазақстанның Қытаймен саудасаттығының жалпы көлемі бойынша Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының үлесі 40 пайыздан асады. Бұл ретте еліміздің Шыңжаңмен тауар айналымы биылғы жартыжылдықта 87 пайызға өсіп, 8,5 миллиард долларды құрады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстан мен Қытай арасындағы үшінші теміржол өткелін салудың маңыздылығына назар аударды. Президент осы жобаны іске асыруға жақын арада кірісуге болады деп есептейді.

Сауда-экономикалық байланыстардан бөлек, су саласындағы ынтымақтастықты дамытудың және трансшекаралық өзендерді пайдаланудың маңызды екені атап өтілді.

Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев туризм саласына айрықша тоқталды.

— Туризм саласындағы ынтымақтастықтың келешегі зор. Қазақстанның бұл бағыттағы мол әлеуетін ескере отырып, жақында Туризм және спорт министрлігін құрдым. Біз Қазақстанға саяхаттайтын қытайлық туристер саны артады деп үміттенеміз. Үкіметіміз елдегі туризм саласын дамытуға бар күш-жігерін жұмсайды. Сонымен қатар Қытайда келесі жыл қазақ туризмінің жылы болып жарияланды. Әрине, біз отандастарымыздың сіздің елмен және оның әсем табиғатымен, әлеуметтік-экономикалық даму жетістіктерімен танысуы үшін Қытайға саяхаттап баруын қолдаймыз, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент Қазақстан мен Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының тарихи-мәдени, гуманитарлық байланыстарының мәні мен маңызына назар аударды.

— Шыңжаң ежелден өзінің жоғары мәдениетімен өйгілі. Жергілікті шығармашылық ұжымдар халықаралық дәрежеде мойындалған. Біз мәдени-рухани байланыстардың жан-жақты дамуына, екі ел өнерпаздарының бір-біріне гастрольдік сапарлар ұйымдастыруына қолдау көрсетеміз. Бұл тату көршілік және достық қатынастардың нығаюына он ықпал ететін сөзсіз, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Ма Синжуй Қазақстан Президенті мен ҚХР Төрағасының келіссөздері барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асырудың маңыздылығын, сондай-ақ «Бір белдеу, бір жол» форумында көтерілген бастамалардың мәні зор екенін айтты.

— Біз ауыл шаруашылығы, трансшекаралық сауда, энергетика салаларына баса мән бере отырып, сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі нығайтамыз. Сонымен қатар ғылыми ұйымдар, жоғары оқу орындары және кәсіпорындар арасындағы қарым-қатынасты жолға қоямыз. Қазақстанға немесе Шыңжаң өлкесіне инвестиция құйып, бизнес ашуды көздейтін бірлескен кәсіпорындарды қолдаймыз, — деді Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы партия комитетінің хатшысы.

Ма Синжуй Қазақстан Президентінің Шыңжаңға сапарын тарихи оқиға ретінде бағалап, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының басшылығы біздің елмен арадағы ынтымақтастықты кеңейтуге және тұрақты байланысты сақтауға мүдделі екенін жеткізді.

Кездесу соңында Қазақстан Президентінің Шыңжаң өлкесіне сапары аймақаралық ынтымақтастықтың одан әрі нығаюына ықпал ететіні атап өтілді.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУДІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың қатысуымен «Ұлттық мүдде» диалог алаңының отырысы өтті. Іс-шара «Әділетті Қазақстан және ұлттық құндылықтар» тақырыбына арналды.

Мәулен Әшімбаев қазір елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бас-тамасымен мәдени мұраны және ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытында да ауқымды реформалар іске асырылып жатқанын атап өтті.

«Президентіміз Қ.Тоқаев Ұлттық құрылтайдың Түркістан

төрінде өткен отырысында жүйелі идеологиялық жұмыстың негізгі бағыттарын белгілеп берді. Бұл бағытта тарихи сананы жаңғырту, мәдени мұраны насихаттау, өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне баса мән берілді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат Төрағасы ұлттық құндылықтар, ең алдымен, тілімізге, тарихымызға, мәдениетімізге, дәстүрімізге және ата дінімізге табан тірейтініне назар аударды.

«Тарихи сананы қалыптастыру — маңызды міндеттердің бірі. Соның аясында Мемлекет басшысының тапсырмасымен Сенат ашаршылық тақырыбы

бойынша біраз архив құжаттарын жариялады. Бүгінге дейін жеті том жинақ әзірленді. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасады», — деген палата Спикері отырыс барысында айтылған ескеріністар Сенат жұмысында ескерілетінін тілге тиек етті.

Мәулен Әшімбаев ұлттық құндылықтар мәселесінде ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүріміз бен дінді бір-біріне қарсы қоюға болмайтынын да айтты.

«Халқымыз ежелден дін мен дәстүрді сабақтастыра білген. Көшпенді өркениетке тән ой еркіндігі, ашықтық, толеранттылық әртүрлі радикалды көзқарастарға бой ұрмауға мүмкіндік берді. Біз дін мәселесінде ата-бабамыз қалыптастырып кеткен және уақыттың сынынан өткен осы рухани жолымыздан жаңылмауымыз керек», — деді Мәулен Әшімбаев.

Отырыс барысында қатысушылар қозғалған мәселеге қатысты өз пікірлерін білдіріп, алдағы уақытта бұл бағытта бірлесіп жұмыс істеуге мүдделі екендерін жеткізді. Сондай-ақ іс-шарада ұлттық құндылықтарды оқыту бағдарламалары, цифрлық коммуникацияның заманауи форматтары және басқа да бастамалар арқылы дәріптеу жөнінде тың идеялар айтылды.

ПАРТИЯАРАЛЫҚ ДИАЛОГ ТЕРЕНДЕЙ ТҮСЕДІ

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық Комитеті сыртқы байланыстар жөніндегі бөлім меңгерушісінің бірінші орынбасары Нгуен Тхи Хоанг Ванмен кездесті.

Дәулет Кәрібек атап өткендей, екі елдің мемлекетаралық қатынасы өте тиімді дамып келеді. Жақында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Вьетнамға ресми сапармен барды. Ал өткен айда Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Вьетнам Ұлттық жиналысы Төрағасының орынбасары Нгуен Хак Динмен кездесті.

«AMANAT»-тың Атқарушы хатшысы екі мемлекет арасында дәстүрлі достық қарым-қатынас үзбей жалғасып келе жатқанына назар аударды.

«Вьетнам Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азиядағы сенімді серіктесі саналады. Жүйелі саяси коммуникация, парламентаралық өзара іс-қимыл, тығыз сауда-экономикалық ынтымақтастық және мәдени-гуманитарлық байланыс мемлекеттеріміз арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етеді. Вьетнамның жеткен жетістіктеріне көз жүгірте отырып, Коммунистік партия елдің дамуы мен өркендеуіне ерекше үлес қосты деп айтуға толық негіз бар», — деді ол.

Өз кезегінде, Нгуен Тхи Хоанг Ван Вьетнам Компартиясы мемлекеттер арасындағы достық қаты-

настарды одан әрі нығайту мақсатында «AMANAT» партиясымен ынтымақтастықты жандандыруға ниетті екенін расталы.

«Қазақстан кейінгі жылдары көп жетістікке жеткеніне қуаныштымыз. Экономикалық және сая-

сиз мәселелер бойынша пікір алмасты. Сонымен қатар спикер екі партияның халықаралық ұйымдар алаңындағы, атап айтқанда Азиядағы саяси партиялардың халықаралық конференциясындағы ынтымақтастығының тиімділігін атап өтті.

Кездесу соңында тараптар партияаралық диалогті белсенді нығайтуға уағдаласты, сондай-ақ халықаралық күн тәртібіндегі кең



си салаларда кең ауқымды реформалар жүргізілді. Қазақстанның өмірдегі және әлемдегі рөлі үздіксіз артып келеді және бұл жетістіктерде «AMANAT» партиясы маңызды рөл атқарады», — деді ол.

Нгуен Тхи Хоанг Ван «AMANAT» партиясының өкілдерін алдағы жылы Вьетнамға шақырды және ынтымақтастық туралы жана ме-

ауқымды мәселелер бойынша пікір алмасты. «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы және Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық Комитеті сыртқы байланыстар жөніндегі бөлім меңгерушісінің бірінші орынбасары осындай кездесулерді тұрақты түрде өткізіп тұру қажет екеніне сенім білдірді.

ХАЛЫҚ МҮДДЕСІ ЕСКЕРІЛУГЕ ТИІС

Шымкентте әуежай маңындағы қауіпті аймақта қоныстанған 51 отбасы баспанасыз ғана емес, өтемақысыз да қалмақ. Кеше Парламентте Мәжіліс депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Данабек Исабеков осы мәселеге қатысты халықтың жанайқайын жеткізіп, Үкіметке сауал жолдады.



Бүгінде республика бойынша әуежай маңындағы аумақ шегінде белгіленген шектеулерді сақтау мақсатында, онда заңсыз орналасқан тұрғын үйлерді және басқа да ғимараттарды бұзу және жер учаскелерін мемлекет мұқтажына алу жұмысы жүргізіліп жатыр. Шымкент қаласы бойынша әуежай шекарасынан 100 метр қашықтық осындай қауіпті аймақ деп белгіленген.

«Қалалық әкімдіктің ақпарат бойынша, Шымкент қаласының әуежайы бойынша осындай қызыл сызық аумағында барлығы 284 (139,0 гектар) жер учаскесі орналасқан. Онда басқа объектілермен қатар, халық тұратын 179 жекеменшік тұрғын үй орналасқан. Олардың ішінде 128 үй-

дің құжаты бар, ал қалған 51 үйдің заңдастырылмағаны, жер учаскесін иелену туралы мемлекеттік актісі жоқ екені анықталған», — деп атап өтті Данабек Ержанұлы.

«AMANAT» фракциясы депутаттарының мәлімдеуінше, мұндай жағдай республиканың барлық өңірінде орын алып отыр. Бас прокуратураның мәліметіне сәйкес, аэродром маңы аумағында тиісті келісімі алынбаған 100 мыңнан астам құрылыс нысаны салынған.

«Қазір Шымкент қаласы бойынша әуежай шекарасынан 100 метрлік аумақта орналасқан тұрғындарға олардың жер учаскелерін мемлекет мұқтажына қайтару туралы хабарлама тарату

жұмысы жүргізіліп жатыр. Алайда жер учаскелерінің алынаатыны тұрғындар арасында үлкен қобалжу мен алаңдаушылық туғызып отыр. Әсіресе, 15-20 жылдан бері осы жерде тұрып жатқан, алайда үйлері заңдастырылмаған 51 отбасы баспанасызнан айырылып қана қалмай, сонымен қатар, олар мемлекет тарапынан нарықтық бағамен берілетін өтемақыны да алуға құқықтары болмайды. Бұл жағдай Шымкентте халық арасында дүрбелең туғызуы ықтимал фактор», — дейді депутат.

Данабек Исабеков «AMANAT» фракциясы депутаттары «қандай да бір шешім қабылдаған кезде азаматтардың мұн-мүддесі ескерілуге тиіс» деген көзқараста екенін жеткізді. Сонымен бірге 51 отбасының өздері тұрып жатқан жер учаскелеріне құжаттарын рәсімдеп, заңдастыру шараларын шұғыл жүзеге асыруды сұрады. Сондай-ақ жер учаскелерін мемлекетке қайтару кезінде берілетін өтемақы сомасында тұрғын үйдің бағасымен қатар, жер учаскесі құнының есепке алынуын қатаң бақылау қажеттігін атап өтті. Одан бөлек, фракция мүшелері Ұқыметтен Шымкент қаласы әукежайының үшу жолақтарын солтүстік-батыс аумағына көшіру мәселесін де назардан тыс қалдырмады.

САЛЫҚ САЯСАТЫНДА АЙҚЫНДЫҚ КЕРЕК

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында қарау үшін палата бюросы сегіз мәселе ұсынған екен. Олардың ең қомақтысы — Салық кодексіне қатысты болды. Ал қалғандары Қырғыз Республикасымен келісімдерді ратификациялау, трансферттік баға белгілеу, Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа хаттамасын ратификациялау, «Ұлттық қор — балаларға» Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен келісімді ратификациялау туралы.



Нұрлан ҚОСАЙ

Күн тәртібіндегі төрт мәселе бойынша, соның ішінде Ұлттық қор бойынша Қаржы вице-министрі Дәурен Темірбеков, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бойынша Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният, Сыртқы істер министрінің орынбасары Қайрат Омаров, Әділет вице-министрі Ботагөз Жакселекова, Салық кодексі бойынша Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров пен осы министрліктің және ЦДИАӨМ, ҚМ, ЭМ, ӘМ, ҚМ, ЭМ вице-министрлері, ҚНРДА мен Сот әкімшілігі өкілдері шақырылды. Соның ішінде депутаттардың ең көп шүйліккені Салық кодексінің жобасы мен оған жауапты Ұлттық экономика министрлігінің басшысы болды. Өйткені Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бұл құжат жыл соңына дейін толық дайын болып қабылдануы керек. Жиында осыған жауапты ведомствоның асықпай отырғанын сығаға алаң депутаттар нақты жоспар мен белгілі бір тұжырымдаманың жоқтығын, жобаның әлі де жетілдіре түсетін тұсы көп екенін алға тартты. Мәселен, ел азаматтары мен заңды тұлғалар сотқа жүгінгенде мемлекеттік бажды төлеуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, конституциялық құқығын толық пайдалануын қамтамасыз ету үшін осы төлемді кейінге қалдыру тетіктері ұсынылған. «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нұртай Сабильұлы бұл нормадан заңды тұлғаларды алып тастауды ұсынды. Сондай-ақ заң жобасында халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту мақсатында азаматтар берешегін кешірген кезде микро-қаржылық ұйымдар мен коллекторлық агенттіктер кірісін салық салудан босату жайы, балаларға Ұлттық қордың табысынан аударылатын нысаналы жинақтарды салықтан босату жайы, барлық арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігін арттыру мақсатында олардың қатысушыларына салықтық жеңілдік берудің сараланған тәсілін енгізу жайы, жеке тұлғалардың кірістері мен мүліктерін жалпыға бірдей декларациялау науқанының алғашқы екі кезеңінің өту нәтижелерін ескере отырып, алдағы декларациялау үрдісіне біраз жеңілдік енгізетін нормалар қарастырылған. Тағы бір мәселе — екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық банк ноталары бойынша салық салына-тын кірісін азайтуға мүмкіндік беретін құқығын алып тастау жоспарлануда. Мұндай қадам, оларды бос қаражаттары есебінен экономика-ның нақты секторын, соның ішінде бизнесті кредиттеуге бағыттайды деген сеніммен жасалып отыр.

Талқылаудың соны әдеттегідей депутаттық сауалдарға уласты. Мәселен, депутат Жанарбек Әшімжанов «AMANAT» фракциясының мүшелері атынан Премьер-Министр Әлихан Смайыловқа алдағы 2024 жылы Астана қаласында өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны туралы сауал жолдады.

«Бұл айтулы аламан Мемлекет басшысының тікелей назарында. Алайда дүниежүзілік доданы ұйымдастыру жұмыстарының лебі сезілмейді. Мәлімет бойынша, үкіметтік деңгейде комиссия құрылған. Басты сайыстар өтетін нысан ретінде Астана қаласындағы «Астана-Арена», «Қазанат» ипподромы, «Жекпе-жек» сарайы және «Алау» мұз сарайы бекітілген. 8 млрд теңге

қарастырылған, бірақ бұл инфра-құрылымдарға емес, ұйымдастыру жұмыстарына. Жалпы, спорт пен туризм саласында тұралап тұрған мәселе көп. Сол үшінде Мемлекет басшысы салаға қатысты проблемаларды шешу үшін Туризм және спорт министрлігін құрды. Енді сол жана ведомствоның сыналатын шағы. Бұған дейін өткізуге жауапты мемлекеттік орган тиісті процеду-раларды өз деңгейінде ұйымдастыра алмады. Соның салдарынан қала-лық әкімшілікке инфрақұрылымды реттеуге бір тиын қаржы бөлін-беген. Ал Астана қаласы әкімдігі Үкімет жаққа жалтақтаумен дәр-менсіздің күйін кешуде. Дүниежү-зілік доданың өтетін мерзімі — 2024 жылдың қыркүйегі. Тура 11 ай қал-ды. Алда қылышын сүйретіп қыс келеді. Ақтүтек боран, саршұнақ аязбен алысып тағы алты ай өтеді. Негізгі шаралар өтетін «Қазанат» ипподромында 10 мың адамға қыз-мет ететін нысан құрылысы жүріп жату керек еді. Өзге де спорттық нысандардың күрделі жөндеу жұ-мыстары, реконструкция, басқа да жұмыстары тоқтап тұр және атша-барға жапсарлас этноауыл жоспар-ланған. Күні кеше аяқтай барып көрдік, өлі тыныштық», — деді ол. Депутаттың айтуынша, қазірдің өзінде көшпенділер ойынына қат-тысуға 20 спорт түрі бойынша 73 ел өтініш берген екен. Осы ретте ол үкіметтік комиссия ұйымдастыру жұмыстарын жеделдету керек дейді. Көшпенділер ойынын өткізу Аста-на қаласының ғана емес, бүкіл елдің жауапкершілігі. Сондықтан ұйым-дастыру жұмыстарына өңірлерді жұмылдырып, «Бір өңір — бір ны-сан» принципіне күш салу қажет.

Келесі бір аманаттық депутат Әділ Жұбанов Премьер-Министр-дің орынбасары Тамара Дүйсеноваға зейнетақының ең төменгі мөлшер-лемесін ең төменгі жалақымен теңестіру туралы ұсыныс жолдаса, Нартай Сәрсенғалиев Қазақстанда 3 000 бала шалдыққан микротия және атрезия патологиясына назар аудартты. Қарапайым тілмен айт-сак, елімізде осынша бөбек өмірге құлақсыз келген. Депутат бір құлақ-сыз туылған балаларға да мүгедектік беруді, «Қазақстан халқына» қоры арқылы балалардың АҚШ-қа баруын қамтамасыз етуді, қазақстандық білікті дәрігерлерді микротия және атрезия патологиясын емдеудің тәсілдерін менгеру үшін АҚШ-қа оқуға жедел жіберуді ұсынып отыр. Ал бір топ аманаттық атынан Пре-мьер-Министрдің бірінші орынба-сары Роман Склярға және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы Ермек Сағымбаевқа депутаттық сауал жолдаған Болат Керімбек қор-ғаныс саласын, оның ішінде мемле-кеттік шекара мәселесін қозғалды.

«Быыл 16-31 шілде аралығында Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің бірнеше депутаты Жетісу және Жамбыл об-лыстарындағы шекара заставалары мен бекеттеріне шекара қауіпсізді-гінің мәселелерін өз көзімізбен көру үшін барып қайттық. Сол жо-лы шекара инфрақұрылымының ескіруі, шекараны қорғаудың тех-никалық және байланыс құрал-дарымен төмен деңгейде қамтылуы сияқты жүйелі проблемалардың бар екендігіне куә болдық, бәрін ішінен көрдік. Шынымызды айтсак, жағ-дай мәз емес. Мәселен, қазір заставалардың біразы апаттық жағдайда тұр. Шекарашылар сонау 50-60-жылдары салынған ескі үй-лерде тұрып жатыр. Бүгінде шека-раны жаңғырту бойынша іске асы-

рылып жатқан шаралар, бұл мәсе-лелерді толық шеше алмай отыр. Шекараны бекемдеу мақсатында 2006-2010 жылдарға арналған мем-лекеттік бағдарлама қабылданған. бағдарлама аясында 68 объектінің құрылысы жоспарланған, қаражаты бөлінген. Алайда оның 15-і аяқтал-май қалған. 2017 жылы осы аяқтал-май қалған 15 объектіге аудиторлық тексеру жүргізілді. Олардың 3-і апаттық жағдайда, ал тоғызының жағдайы талапқа сай келмейді. Мұндай жауапсыздықты Солтүстік Қазақстан облысындағы заставала-рын салуда да байқадық. Оған жуырда осы өңірге барған іссапа-рымызда көз жеткіздік. Құрылыс компаниялары нысанды толық ақтамай жатып, «құрылыс мате-риалдары қымбаттады» деп, келесі жылға тағы да ақша сұрайды. Осы-лай уақытты созып келеді. Осыдан шекара саласында жауапсыздық пен жемқорлыққа жол берілгені-көреміз», — деді ол. Жалпы шекара саланың проблемаларын шешу үшін Президент Әкімшілігі Басшы-сының тапсырмасымен 2024-2028 жылдарға арналған шекара қауіп-сіздігінің кешенді жоспары әзірлен-генін алға тартқан халық қалаулы-лары бұл мақсатқа 582 млрд теңге қажет деп отыр. Оған қоса, мемле-кеттік шекара инфрақұрылымын дамыту мәселелері бойынша жол картасы әзірленген екен. Оны іске асыруға 118 млрд теңге керек. Алай-да Мәжілісте қаралып жатқан бюд-жетте шекара саласының мәселесін толығымен шешуге сұралып отыр-ған қаражат қарастырылмаған.

«Жоғарыда баяндалғандарды қорытындылай келе Үкіметке келе-сідей шараларды қабылдауды ұсы-намыз: Қорғаныс саласын және шекара қызметін қаржыландыру мәселесі республикалық бюджетті қалыптастырған кезде ең жоғары басымдыққа ие болуын қамтамасыз ету. Ұлттық қордан арнайы қаржы бөлу мәселесін қарастыру. Қорға-ныс және шекара саласына бөліне-тін шығыстарды жайы ішкі өнім-нің кем дегенде 1 пайызына дейін жеткізуді заңмен бекіту. Жүйелі әрі кешенді жұмысты ұйымдастыру және жоспарлау үшін арнайы бағ-дарлама қабылдау. Мемлекеттік қауіпсіздік саласының аса маңыз-дылығын ескере отырып, аталған мәселелерді Қауіпсіздік Кеңесінде қарауды жөн деп санаймыз», — деді «AMANAT» партиясы фракциясы-ның мүшесі Болат Керімбек.

Осы ретте «AMANAT» партиясы салалық министрліктердің қарама-ғындағы барлық бағытты нақты шоғырландыра отырып, еліміздің сауда-азық-түлік-логистикалық хабқа айналуы жөніндегі бірінғай интеграциялық стратегияны қалыптастыруды ұсынып отыр. Со-ның ішінде дамуы және жеке ин-вестицияларды тартуды ынталан-дыру үшін сауда-логистикалық хабтар арқылы көтерме сауданы жүзеге асыруды қамтамасыз ету ка-жет. Инвестициялардың қажетті көлемін, басымдықтарды, мемле-кеттік қолдау алудың өлшемшарт-тары мен шарттарын айқындап, сауда-логистикалық хабтарға мем-лекеттік қолдау көрсету де аса маңызды. Осылайша, Мәжілістің кезекті пленарлық отырысының көтерген жүгі әдеттегідей салмақты болды. Бұл салмақ ел дамуына қо-сар қарқын мен жүктерлер жауапкер-шіліктен көрініс табуы тиіс. Ал осының барлығы жемісті нәтижесін беруі үшін ең бірінші кезекте салық саясатында айқындық керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында елімізді аумақтық дамытудың жаңа тәсілдерін енгізу керек екенін айтып келеді. Жаңа тәсілдер қалалар мен шалғай аудандардағы өмір сүру сапасын арттырып, сондай-ақ өңірлік экономиканың дамуын ынталандырады. Иә, өңірлер өркендесе, тұтас ел де көркейе түсері сөзсіз. Осы ретте аталған мәселе бойынша Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі, Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Ұлықбек Тұмашиновтен сұхбат алған едік.

— Ұлықбек Шабданұлы, бүгінде өңірлерді дамыту дегенде ең алдымен аймақтардағы жұмыссыздық, тұрғын үй жеткіліксіздігі, жол сапасы, интернет, ауыл шаруашылығының жай-күйі еске түседі. Аталған мәселелерді шешудің қандай жолдарын ұсынар едіңіз?

— Өр өңірдің өзіне тән ерекшеліктері мен айырмашылықтары болады. Кейбір өңірлер мал шаруашылығына, кейбір өңірлер егін шаруашылығына ыңғайлы болып келеді. Тарбағатай, Зайсан, Марқакөл, Күршім аудандарында мал бағуға ыңғайлы болса, ал Катон-Қарағай, Алтай сынды қарлы аймақтарда біріншіден, мал жаятын жерлер де жоқ, екіншіден, қары қалың, қысы ұзақ. Сол өңірлердің ерекшеліктеріне сай дамыту бағыттарын айқындап алған жөн. Енді мен өзіме таныс Шығыс өңіріне тән мәселелер туралы айтсам болады. Әрине, әлі де шешімін таппаған, жүйелі жұмысты талап ететін мәселелер барлық өңірде бар. Сонын ішінде өзге өңірлер секілді Шығыс Қазақстанда да жол проблемасы әлі күнге өзекті болып отыр. Мысалы, «Қалбатау — Майқапшағай» автомобиль жолдары. «Қалбатау — Майқапшағай» бағыты бойынша 415 шақырымдық жол бүгінгі күнде Абай облысы бойынша 197 шақырым, Шығыс Қазақстан облысында 218 шақырымды құрайды. Жолдың салынып жатқанына 7 жыл болса да, әлі күнге дұрыс жұмыс істелініп жатқан жоқ. Жобалардың қымбаттауы бар, кейбір жерлерін қайтадан қарады, жоспарларын жасады. Бірақ менің әлі көңілім толып отырған жоқ. Себебі Абай облысының Көкпекті, Ақсуат аудандары, Шығыс Қазақстанның Тарбағатай, Зайсан, Марқакөл аудандары не ауруханаға, не тауар тасымалына қатынаса алмай отыр. Бүгінде

дықтары жөнделіп, қазірдің өзінде жылу беріліп жатыр. Ол жақта да жолдың мәселесі бар.

— Жолдан бөлек, бүгінде Шығыс Қазақстанда көпір мәселесі де бар емес пе? Мемлекет басшысы Бұқтырма су қоймасының үстінен көпір салуға тікелей тапсырма берген еді. Осы көпір мәселесі қалай шешіліп жатыр?

— Рас, Шығыс Қазақстанда көпір мәселесі де күн тәртібінде тұр. Бүгінде Күршім, Тарбағатай және Зайсан аудандарының логистикасын түбегейлі өзгертуге мүмкіндік беретін, еліміз үшін бірегей көпір құрылысы салынып жатыр. Бұл көпір құрылысы жергілікті жұрттың талай жылғы тілегі еді. Қаржы жетіспеушілігіне байланысты бұл құрылыс республикалық бюджетке ауысты. Негізгі көпір салыну үшін астына уақытша көпір салынып жатыр. Егер салынып бітсе, аймақтағы туризмге жаңа серпін бермек. Сонымен қатар Шығыс Қазақстанда кен байлығы жағынан сирек кездесетін металдар өндіріледі. Алтын, темір, мыс, күміс, неше түсті металдар шығады. Сол кен орындарын тиісті дәрежеде өндіруіміз үшін біз оны алдымен игеруіміз керек. Егер жаңағы негізгі көпір салынатын болса, сол металдарды игеруге мүмкіндік ашылып, өңір дамуына керемет серпін береді.

— Металдар демекші, осы ретте Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Маралды ауылының маңындағы алтын өндіретін зауыттағы дау-дамайға қатысты да пікіріңізді білгіміз келеді.

— Бірнеше жыл бұрын шетелдік инвесторлар келіп, 8 миллиард ақша құйып, жұмысын бастамақ болды.



Ұлықбек ТҰМАШИНОВ,
Мәжіліс депутаты,
«AMANAT» партиясы
фракциясының мүшесі:

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУЫТУҒА СЕРПІН БЕРУ КЕРЕК



«Майқапшағай» келені жұмыс істеп тұр, транзиттік жүк тасымалдаушылар апталап осы жолдың бойында қиындық көруде. Екінші, «Өскемен — Алтай — Рахман қайнарлары» автожолы. Өскеменнен Рахман Қайнарына дейін 450 шақырым. Бұл — шығыстағы ең күрделі әрі қиын жол. Сондықтан үнемі күтіп-баптауды қажет етеді. Бастапқыда жұмыс қарқынды жүрген. Кейіннен сиырқұйымшақтанып кетті. Ондағы асуларда жол жөнді жасалынбаған. Әсіресе, әйгілі Осинов асуынан қыста көліктер өте алмайды, ауыр жүктер тасымалдау қиынға түседі. Бірақ ол жолдың да шешімі табылып келеді. Құжаттарын қайта қарап, қаржы қарастырылып, келесі жылдан бастап қарқын алады деп күтіліп отыр. Аталған жол құрылыстары шекаралық аудандардың инфрақұрылымы. Міне, осы жолдардың мәселелері шешілуі керек. Одан бөлек, Риддер қаласындағы проблемаларды барлығымыз көріп-біліп отырмыз. Орталық жылыту мекемесінің апатынан бытырғы қыс сондай тұрғындар үшін өте қиын болғанын білесіздер. Сол мәселенің де басы-қасында болып, көмектесіп жүрдім. Енді биыл біршама жұмыс атқарылып, қазан

Шығыс Қазақстанда көпір мәселесі де күн тәртібінде тұр. Бүгінде Күршім, Тарбағатай және Зайсан аудандарының логистикасын түбегейлі өзгертуге мүмкіндік беретін, еліміз үшін бірегей көпір құрылысы салынып жатыр. Бұл көпір құрылысы жергілікті жұрттың талай жылғы тілегі еді. Қаржы жетіспеушілігіне байланысты бұл құрылыс республикалық бюджетке ауысты. Негізгі көпір салыну үшін астына уақытша көпір салынып жатыр.

Енді бірнеше жылдан бері ауыл халқы алтын өндіретін фабрика салуға қарсы болып жүр. Кәсіпкер ретінде айтарым, ол жерде ешқандай занбұзушылық жоқ. Зиян келетінін айтқан ауыл халқы негізгі мәселені дұрыс түсінбей отыр деп ойлаймын. Егер зиян келеді деп қарасак, Өскемен өңірінде металлургиялық зауыт бар. Онда уран өндіреді. Қазмырыш комбинаты, титан-магний комбинаты да сонда. Өскеменде 350 мың тұрғын тұрып жатыр емес пе?! Әрине, экология мәселесі бар. Экология мәселесін тудырып жатқан тек сол комбинаттар емес қой?! Мәселен, жанар-жағар-

майымыздың сапасы да нашар. Оның бәрі экологияға зиянын тигізеді.

— Жанар-жағармай дегеннен туып отыр, өткен 2022 жылы мамырда Зайсан аудан тұрғындары сегіз ауыл мен бірнеше әлеуметтік нысан газға қосылмағанына, барлық газ Қытайға сатылғанына наразылық білдірген еді. Осы газ мәселесі қалай шешіліп жатыр?

— Рас, Шығыс Қазақстанда газ мәселесі бар. Егер Ресеймен келісім-шартқа отыратын болсак, сол жақтан газ келіп тұр. Мысалы, Күршім ауданында 1 тонна көмір 30 мың теңге тұрады. Кем дегенде 6 тонна көмір жағатын болса, 180 мың теңге, 200

мың теңге сондағы ауыл тұрғындарының қалтасына оңай соқпайды. Зайсан ауданында «Тарбағатай мұнай» компаниясы кезінде Қытаймен бірігіп газ жеткізбек ниетте жұмыс бастаған еді. Мен 12 жыл депутат болып келемін. Талай рет осы мәселені көтердім. Қаранышы, Зайсан ауданынан Қытайға газ жіберу 2013 жылы екі елдің үкіметаралық келісіміне сай басталған. Бұл жерде қандай шарт жасасқанын білмеймін. Ал 2020 жылға дейін кеніштегі қордың небәрі екі пайызы ішкі нарықта пайдаланылған. Бастапқыда Сарыбұлақ кенішінде өндіретін газ көлемі 4 млрд текше метр болған, 2022 жылдың басында соның 3 млрд 200 миллион текше метрден астамы Қытайға жіберілгені мәлім болды. Ал негізінде екі елдің үкіметаралық келісіміне сәйкес, Сарыбұлақ кенішіндегі газдың 50 пайызы Қазақстанның ішкі нарығына бағытталуға тиіс еді. Алайда шарт талабы сақталған жоқ. Негізінде, сол жердің өзінен Тарбағатай, Күршім, Зайсанды газбен толық қамтуға болар еді. Тіпті, сол жақтағы тұрғындар кезінде «аймақтағы бірнеше ауыл газсыз отырғанда көгілдір отынды Қытайға жіберіп жатқаны қалай», — деп наразылығын білдірді. Бұл жерде бір гәп бар. Осыған дейін осы төңірегінде бірнеше мәселені көтердік. Әлі де көтеретін боламыз. Депутаттық сауал да коюды жоспарлап отырмын.

— Мемлекет басшысының Жолдауында біз еліміздің географиялық орналасуын өз артықшылығымызға айналыдыруымыз керектігі атап өтілді. Сіз өзіңіздің бір депутаттық сауалыңызда жаңа көлік бағыттарын салу мәселесін көтеріп, кеме қатынасын ретке келтіруді айтып, ұсыныс жасаған едіңіз.

— Иә, тағы бір дүние — үшінші елдермен, әсіресе Қытай Халық Республикасымен сыртқы сауданың транзиттік әлеуетін дамыту үшін жаңа көлік бағыттарын салу мәселесі бар. Кезінде Шығыс Қазақстан облысынан депутат ретінде өзен кеме қатынасын қалпына келтіруді, Қытай Халық Республикасының Қара Ертісінен Ертіс пен Обь бойымен Обь шығанағына дейін және бүкіл Сібір аймағы Солтүстік Мұзды мұхитқа дейінгі ескі су жолын қосуды ұсыныс ретінде жеткізген болатынмын. Бұған біраз уақыт бұрын Ново-Шүлбі ГЭС-інің аяқталмаған шлюз бөлігі кедергі келтірген болатын. Бүгінде шлюз бөлімі пайдалануға беріліп, жұмыс істеп тұр, өзен кемелерінің өтуіне еш кедергі жоқ.

Пристандардың, айлақтардың жағалау құрылыстарының инфрақұрылымы сақталған. Бар болғаны, Ресей Федерациясы жағынан Ертіс өзенінің түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу, өзен фарватерлерін жербеті снарядтармен тазартып, 3 мың тоннаға дейінгі кемелер өте алатындай учаскелерді белгілеу керек. Жол-көлік тасымалы арқылы біз бір көлікпен 20 тоннаға дейін ғана жүкті арта аламыз. Ал бұл жоба іске асса, бір кемемен үш мың тонна жүкті бір ретте тасымалдаушы едік. Айырмашылық қаншама?! Су көлігі ең арзан көліктердің бірі екенін ескерсек, бұл бізде бірнеше мүмкіндікті ашар еді. Тамақ өнімдері арзандайды, қосымша жұмыс орындары пайда болып, сол маңдағы жұмыссыздық мәселесі де шешілер еді. Оның үстіне, оған үлкен қаржылық шығындар қажет емес. Өңірлеріміздің экономикалық дамуына серпін беретін барлық логистикалық, кедендік және әкімшілік кедергіні ретке келтіру, сондай-ақ жүктердің жылдам өтуін жеңілдетеді және Қытай Халық Республикасынан Қазақстан Республикасы арқылы Ресей Федерациясының Сібір аймағына өтетін қысқа көлік бағытын ашады. Семей қаласындағы теңіз мектебін және Прибрежное кеніндегі кеме жөндеу зауытын қалпына келтіру де орынды болар еді. Бұл дегеніміз — жұмыс орындары мен жергілікті мамандар. Қолда бар кемелерді де ретке келтіру керек. Су арқылы тасымалданатын жүктердің тізімі шектелмейтінін бәрі біледі. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдері, құрылыс материалдары, металлургиялық өнімдер, халық тұтынатын тауарлар және өзге де өнімдердің бағасына да әсер етеді.

— Президент өз Жолдауында денсаулық сақтау саласында медициналық инфрақұрылымды дамытуға, кадрлар даярлауға, әсіресе ауылдық жерлерге назар аудару қажеттігін ескерткен еді. Шығыс өңірінде бұл қалай жүзеге асып жатыр?

— Шығыс Қазақстан ауруханалар жағынан ең бір дамыған өңір деп айтуға болады. Кезіндегі 100 мектеп, 100 аурухана жобасы да сәтті жүзеге асты. Бірақ өңірлерде дәрігер жетіспеушілігі бар. Осы мәселені шешу үшін ауылдық жерге баратын дәрігерлерге өтемақы ретінде 10 миллион теңге беру керек. Сонда ғана дәрігерлер сонда барады, жұмыс істейді. Сол ақшаға баспанасын да алады. Күйін де жақсарталды.

— Тек дәрігерлер емес, басқа да мамандарға солай жағдай жасаса, сіз айтып отырған өтемақы іске асатын болса, сондағы шекаралық аймақтардағы адамдардың тұрақтануының мәселесін де шешетін секілді. Мемлекет басшысы Парламентте сөйлеген сөзінде ұлттық қауіпсіздігімізді нығайту аясында, шекаралық аймақтарды дамытудың нақты шараларын қарастыру қажет деген пе еді?

— Рас айтасыз. Бұл туралы да мен депутаттық сауал жолдаған болатынмын. Біздегі шекаралық аймақтарға Марқакөл, Күршім, Катон-Қарағай аудандары жатады. Халықты тұрақтандыру, ынталандыру есебінде еңбек етіп жүрген азаматтар мен азаматшалардың жалақысына аудандық 1,5 деген қосымша коэффициент қосу маңызды. Аталған адамдардың еңбек өтілінің 1 жылы 1,5 болып саналуын қарастыру қажет. Тек осындай шаралардың арқасында жетіспей тұрған — дәрігер, ұстаз, мал дәрігерлері, агроном, тағы да басқа жас мамандардың сол аймақтарда тұрақтануына стимул жасауға болады. Қазір Шығыс Қазақстандағы шекаралық аймақтарда көптеген өңір «қартайып» кетті. Жастар азайған. Жұмыссыздық мәселесі бар. Ауа райының қолайсыздығы бар. Оралхан Бөкейдің «Біздің жақта қыс ұзақ» деген шығармасын білесіздер. Біздің жақта шынымен қыс ұзақ. Бұл мәселенің шешімінің бірі — туризмді дамыту дер едім. Шығыс өңірі онсыз да туристік аймақтарға жатады емес пе? Сол туризмді дамыту арқылы біз қосымша жұмыс орындарын ашар едік. Мысалы, күні кеше Катон-Қарағайдың «ең жасыл мекен» деген атау алғанын естідік. Онда ұлттық парк бар, 518 адам жұмыс істейді. Жаз кезінде бұл көрсеткіш көбейеді. Қазір туризмі дамып келеді. Өткен жылымен салыстырғанда, туристер саны биыл екі есе өскен. Сол жердегі тұрғындар жылқы өсіріп, қымызын сатып, балығын, жеміс-жидегін сатып, қосымша пайда тауып отыр. Қасында Марқакөл көлі бар. Ол жерде Марқакөл қорығы бар. Қорық туралы заң бойынша ол жерде туризмді дамытуға болмайды. Тек қорғауға алынуды керек. Қазір сол Марқакөл ауданында 6-ак мың адам қалды. Себебі жаңағы Катон-Қарағайдағы тұрғындар секілді туризм арқылы қосымша пайда таба алмайды. Бұл да ойланатын жайт.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Анарыс АҚЫЛЖАН



АЗ АСТЫҚТАН ҚАЗАҚСТАН ТАРЫҚПАЙ МА?

Ауыл шаруашылығы министрлігінің, сарапшылардың байламынша, биылғы жыл сала үшін қиын болды. Климат елдің оңтүстігінде де, солтүстігінде де айтарлықтай өзгеріп кетті. Салдарынан күзгі орақ науқаны әдеттегіден ұзады: егістіктерге комбайндар шығын кезде, тамыздың 20-сынан бастап, жаңбыр нөсерлете төкті. Піскен дән ылғалданып, алды қызып, көктеп кетті. Қазіргі ахуал қандай?

ҰСАҚ ШАРУАЛАР ЕГІН ЖИНАУҒА ЕНДІ КІРІСТІ
Ауыл шаруашылығы минис-трлігінің мәліметінше, республика көлемінде астық жинау науқаны аяқталуға таяды. 16 қазандағы жағдай бойынша, 15,6 миллион гектардан егін орылыпты. Бұл елдегі биылғы бүкіл егістік алқабы-ның 90,2%-ы көрінеді. Жана егін-нің орташа өнімділігі төмен: әр гектардан 9,3 центнерден ғана айналды.

Нәтижесінде, бүгінде дикан-дар 14,6 миллион тонна астық бастырды. Салыстырсақ, 2022 жылы Қазақстан жалпы алғанда 16,4 миллион тонна бидай жинаған еді.

Әйткенмен, төл комбайндары жоқ ұсақ шаруашылықтар биылғы егінді жинап үлгермей жатыр. Өйткені фермер Ерасыл Жамба-киннің түсіндіруінше, жылда қыркүйек айының соңына қарай Қазақстанның солтүстік және ор-талық облыстарындағы ірі шаруа-шылықтар ору науқанын аяқтап, ауыл шаруашылығы техникасын босататын. Оларды өз комбайны жоқ ұсақ шаруашылықтар жалға алатын.

Биыл жағдай баскаша: шетсіз-шексіз құятын ақ жауындар қыр-қуяек айының ортасына қарай ғана тынып, бұлттан шыққан күн далаға нұрын төге бастады. Бірақ мол ылғал ірі шаруашылықтарға 20 қыркүйектен ерте егін жинауға қайта кірісуге мүмкіндік бермеген. Оның өзінде қырмандағы жұмыс-ты күрт бұзылған ауа райы дүркін-дүркін үзіп тұрды.

Салдарынан техникасыз ұсақ шаруашылықтарда егіннің кар астында қалып қою қаупі бар. Елдің біраз өңірінде күн суытып, үсік ұра бастады. Бірақ екі аптада қар түспесе, ұсақтары да үлгереді деген үміт жоқ емес: оларға жана босап жатқан ірі көршілерінің комбайндарын арендаға алуға мүмкіндік енді ғана туды.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың айтуынша, биыл елдің оңтүстігінде де, сол-түстігінде де климат күрт күрде-ленді: оңтүстік аймақтарда құр-ғақшылық болды, ал солтүстігінде қатты жаңбыр жауды, бұл егіннің жай-күйіне және жиналған ас-тықтың сапасына кері әсер етті. Климатқа қатысты қиындықтарға өзге проблемалар жамалып отыр.

Министрлік ол мәселелерді дикандармен бірлесіп шешу жолдарын іздеуде. Мысалы, агро-бизнес өкілдерінің мәліметінше, қолайсыз табиғи жағдай салдар-ларынан зардап шеккен, астығы шіріп кеткен не аптаптан қурап қалған фермерлерді қолдау шара-ларын күшейткен жөн. Саланың дамуына кедергі келтіретін басқа мәселелер жетерлік.

Атап айтқанда, ауыл кәсіп-керлері жинаған өнімін еліміздің өзге облыстарына немесе шетел-дік нарықтарға шығарайын десе, вагондар тапшы. Тасымалдаушы-лар жөнелту жоспарларын ұсын-бай отыр. Өнімдерін жөнелту ке-зіндегі логистика проблемалары туындаған.

Бұған субсидиялардың уақы-тылы төленбеуі және жетіспеу-шілігі, Gosagro жүйесіндегі ірізі-лістер, дикандардың күзгі жиын-терім науқанына алған кредиттерін өтей алмауы сияқты қиыншылықтар қосылды. Мұның

мүмкіндігі жоқ ауыл шаруашы-лығы өндірушілері үшін форвард-тық сатып алу мен тауарлық несие бойынша міндеттемелерді орын-дау 1 жыл мерзімге кейінге қалды-рылды. Олар үшін 2023 жылғы комиссия ақысы бекітілді. Бір жылға ұзарту үшін фермер тек 3% банк сыйақысын төлеуге міндетті болады», — деді Ауыл шаруашылығы министрі.

Шаруалар «Азық-түлік кор-порациясының» жемдік бидайды да тікелей сатып алуын сұрайды. Бұл астық өндірушілердің қар-жылық жағдайын жақсартуға мүмкіндік берер еді: дымқылданып, бұзылған егіннің үлкен бө-лігі тек малдың жеуіне жарайды. Егіншілердің тілегіне құлақ түр-ген министрлік 350 мың тонна көлемінде 4-сыныпты бидайдың әр тоннасын 105 мың теңгеден, 5-сыныпты бидайды 90 мың теңгеден, сыныпты емес бидайды 70 мың теңгеден тікелей сатып алуды ұсынды. Сатып алу бюд-жеттен тиісті қаражат бөлінген-нен кейін жүзеге асырылатын болады.

Егіннің шығымдылығы аз болғанымен, бір бөлігі қурап не шіріп кеткенмен, ел астықтан биыл тарықпайды. Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың сөзінше, Қазақстан өзін нан және үн өнім-дерімен толықтай қамтамасыз етіп отыр.

Ол қолайсыз климаттан зардап шеккен егіншілерге мемлекеттің көмекке келгенін жеткізді.

«Мемлекет басшысының тап-сырмасы бойынша тауар өндіру-шілерді қолдау мақсатында ас-тықты кептіру үшін 62,5 мың тонна арзандатылған дизель оты-ны бөлінді. Қаржы институттары айыппұл санкцияларын қолда-нудан бас тартып, несиелер мен қарыздарды өтеу мерзімін ұзарту-ды жүзеге асырып отыр. Агро-өнеркәсіп кешенін субсидиялауға қосымша қаражат бөлу және «Азық-түлік корпорациясының» астықты тікелей сатып алу мәсе-лелері пысықталып жатыр», — деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

“
Ішкі нарықта бидай бағасын тұрақтандыру және «сұр импортты» болдырмау мақсатында Қазақстанға теміржолмен және жүк көліктерімен шетелден астық әкелуге тыйым салу мерзімі 2024 жылдың 11 сәуіріне дейін ұзартылды.

Мысалы, су тапшылығы сал-дарынан жергілікті ауқымдағы ТЖ режимі жарияланған Жамбыл облысының шаруаларына күйіп кеткен астығы үшін өтемақы тө-леу жұмыстары жүргізілуде. Бұған 3,7 миллиард теңге бөлінді.

Ішкі нарықта бидай бағасын тұрақтандыру және «сұр импор-ты» болдырмау мақсатында Қа-зақстанға теміржолмен және жүк көліктерімен шетелден астық әке-луге тыйым салу мерзімі 2024 жылдың 11 сәуіріне дейін ұзартылды. Бұл шектеу шаралары лицензияланған элеваторларға, астық өңдеу және құс шаруашы-лығы кәсіпорындарына қолда-ныммайды. Олар Ресейден қажетті көлемде астық импорттап жатыр. Сонымен қатар астықты өз қа-жеттіліктеріне пайдаланатын отандық өндірушілерге де им-портта шектеу болмайды.

Қорыта айтқанда, биыл жина-латын астықтың көлемі елімізді намен және үнмен толық қамта-масыз ету үшін жеткілікті болады. Экспорттық мүмкіндіктер де сақ-талады.

Елдос СЕНБАЙ

АЙМАҚТЫҢ БРЕНДІ АСТАНАЛЫҚТАРҒА ЖЕТТІ

Елордада өткен айдан бастап өңірлік тауар өндірушілердің ауылшаруашылық жәрмеңкесі тұрақты өтіп жатыр. Мұндай игі шараның ұйымдастырылуы қала тұрғындары үшін өте тиімді. Себебі аймақтағы фермерлер ала жаздай өткен еңбегін өткізсе, тұрғындар таза табиғи өнімді нарықтағы бағадан әлдеқайда арзанта сатып ала алады.

Айта кету керек, жәрмеңке маусымын алғаш болып Түркістан облысының аграршылары бастап берген. Өңірден келген 70-ке жуық ауыл шаруашылығы өндірушісі 556 тонна өнімін ұсынды. Оның ішінде ет және ет өнімдері, көкөністер мен жемістер, сүт өнімдері, бақша, бал, жеміс шырындары мен консервіленген өнімдер, балық, жұмыртқа және нан-токаш секілді әртүрлі азық-түлік тауарлары нарықтағы бағадан әлдеқайда төмен сатылды. Бұдан кейін Атырау мен Жамбыл, БҚО және Қызылорда облыстарының тауар өндірушілері келсе, одан кейінгі апталарда Алматы және Жетісу, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Абай облыстарының фермерлері ауылшаруашылық өнімдерін ұсынды. Айталық, Қызылорда облысы 50 жүк көлігімен 60-қа жуық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер жалпы сомасы 200 миллион теңге болатын 500 тонна өнім әкелген.



Ауылшаруашылық тауарларының арасында 135 тоннадан астам құрш, 10 тонна ет және 30 тоннаға жуық балық өнімдері, 30 тонна көкөніс пен жеміс, 260 тонна бақша өнімдері, 3 тонна ас тұзы, 10 тонна сүт, 5 тоннаға жуық кондитерлік өнім бар. Бұл ғана емес, сол күні елорда тұрғындары мен қонақтары сауда-саттық жасап, қызылордалық өнерпаздардың арнайы дайындаған концертін тамашалады.

Ал Алматы және Жетісу облыстарының аграрлары 400 тоннадан астам өнім ұсынды. 23 және 24 қыркүйекте өткен жәрмеңкеде екі өңірден келген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер 50-ден астам тауар сатты. Бұл күні де астаналықтар ет-сүт, шұжық, жеміс-көкөніс, балық өнімдері, кант, ұн, жарма, өсімдік және жануарлардың майы, жемістер, бал, ұлттық сусындар секілді дертке дауа, жанға шипа болатын табиғи ауылшаруашылық заттарын нарық бағасынан төмен бағада сатып алуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ Қостанай мен Ақтөбе облыстарының 70-тен астам шаруасы бірлескен жәрмеңке өткізді. Бір ғана Қостанай облысының 14 ауданынан және 3 қаласынан 50-ден астам кәсіпорын елордаға 400 тонна тауар әкелді.

Барлығы 100-ден астам тауар ұсынса, оның ішінде барлық түрдегі мал еті — 51 тонна, сүт өнімдері — 35, шұжық өнімдері мен ет жартылай фабрикаттар — 23, жарма мен макарон өнімдері — 30, картоп пен көкөністер — 70, ұн — 50, сондай-ақ нан-токаш, кондитерлік өнімдер, сусындар, бал секілді сан түрлі азық-түлік қойылды. Жәрмеңкеде ұсынылған сүт және ет кәсіпорындары арасында елімізге және шетелге танымал брендтер де бар. Ал Ақтөбе облысының өнімдерін өңірдің 12 ауданынан және Ақтөбе қаласынан 20-дан астам шаруалар мен қайта өңдеу кәсіпорындары әкелді. Ол күні ақтөбелік шаруалар қала тұрғындары үшін 80 тонна — ет, 61 тонна — картоп пен көкөніс, 30 тонна — сүт, 17 мың дана — жұмыртқа, 6 тонна — балық, бір тонна — бал, 10 тонна — шұжық, 8 тонна ұн мен макарон өнімдерін әкелген екен.

Өткен аптада Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарының жәрмеңкесі өтті. Екі күнге созылған жәрмеңкеге тұрғындар тәнертеннен бастап ағылып келе бастады. Өйткені әдеттегідей мұнда ет, сүт өнімдері, көкөністер мен жемістер арзан бағада сатылды. Екі өңірдің шаруалары елорда тұрғындары үшін 49,2 тонна — бал, 2 тонна — шұжық өнімдері, 8 тонна — сүт өнімдері, 16 тонна — өсімдік майы, 3 тонна — ұн мен жарма, 9 тонна — балық, 29,8 тонна — мал, құс еті, 4 тонна — қымыз және ұлттық өнімдер, 700 литр — алкогольсіз сусындар және басқа да әртүрлі азық-түлік, дәрілік заттар әкелген.



Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданынан келген Мирас Серіковтің бірінші күннен саудасы жақсы жүрді. Айтуынша, алып келген бір камаз балының тең жартысы бірінші күні-ақ өтіп кеткен.

— Жәрмеңке аяқталғанша әкелген балымыз толық сатылып бітеді деп ойлаймын. Себебі Катонқарағайдың балы мен қымызы — шы-ғыстың ең басты бренді. Бүгін тұрғындар тарапынан әртүрлі сұрақ қойып жатқандар бар. «Қымызға су қостыңыздар ма?», «Балға кант қостыңыздар ма?» деп күмәнданып жатқандар да жетерлік. Бірақ оларға «Бал — біздің бренд. Ешқандай қоспасыз жасаймыз. Барлығы таза табиғи. Біз осы брендімізді ұстап қалғымыз келеді. Сол үшін бізге қоспаның қажеті жоқ» деп жауап беріп жатырмын. Таза еңбекпен келетін өнім», — дейді ол.

Сондай-ақ ол өңірлердің ауылшаруашылық жәрмеңкесінің қайта жаңғырып жатқаны жақсы жаңалық болғанын жеткізді. Айтуынша, дәл осындай жоба Өскеменнің өзінде де тұрақты өтіп тұрады екен. «Туған ел — алтын бесігім» деп аталатын жәрмеңкеде облыстағы аудандар апта сайын өз өнімдерін ұсынып, өзара сайысқа түседі. Жәрмеңкенің пайдасы да сол, халық өзіне ұнаған табиғи өнімді таңдап ала алады.

Катонқарағай ауданы Үлкен арын ауылынан келген «Абижанов» жеке кәсіпкерлігінің тұн-балары мен балдарына тұрғындардың сұранысы

жоғары екенін байқады. Кәсіпкерліктің өнімін таныстырған Мирас Бекболатұлы тұнбалардың арасында әртүрлі емдік қасиеттерге бай шөптер қолданылғанын айтады. Бұдан бөлек, маралдың қаны мен емдік шөптен жасалған панто-криндерді де сұрап келіп жатқандар көп көрінеді. «Біздің тұнбаларды ішуге де болады. Сондай-ақ балаларға қолданар кезде үстіне жасқа да пайдалы. Ешқандай зияны жоқ. Бал-мен айналысып жатқанымызға 10 жыл болды. Ал пантокрин мен тұнбаларды бұрыннан шы-ғарамыз. Балдың келісі 2 500 теңгеден бастап, 3 000 теңгеге дейін барады. Үлкен көлеммен алса, жеңілдік жасалады. Сауда жақсы жүріп жатыр. 150 бөтелке тұнба алып келдік. Бірінші күні кешке дейін 130 бөтелке өтті. Ал емділігі жоғары 75 бөтелке балымыздың барлығы бітті. Тағы да алғысы келген тұрғындар үшін тапсырыс арқылы жібере алатынымызды да айтып жаттырмаз. Өніміміздің өткені бізге де керек. Тұр-ғындардың таза бал жеп, денсаулығын жақ-сартқаны — еңбегіміздің ақталғаны», — деп ағынан жарылды Мирас Бекболатұлы.

Катонқарағайлық шаруалар жәрмеңкеде жасыл желегі жайқалған жайлаудың жем-шөбін жеп өскен ірі қара мал етін де ұсынып отыр. Мәселен, Айсүлу Мөңдешова тоннаға жуық алып жылқы етін әкеліпті.

— Мұндай жәрмеңкенің ұйымдастырылғаны құба-құп болды. Саудагерлерден қарағанда тұрғындардың игілігі үшін ұйымдастырылып отырған шара болғандықтан баға да нарықтан арзан. Мысалы, жылқы етін 1 800-ден 2 500 теңгеге дейін, сиыр етін 2 200 теңгеден өткізіп жатырмыз, — дейді ол. Солтүстік Қазақстан облысының шаруалары да сиыр етінің келісін 2 100-ге бағалап отыр. Ал қаладағы ет базарында ірі қара мал етін мұндай бағаға табу қиын. Осының өзі-ақ жәрмеңкенің жұрт үшін жасалып отырғанын байқатады.

«Жәрмеңкеге үнемі келіп тұрамын. Алматы мен Жетісу облыстарының жәрмеңкесін апорт алмасы, Қызылорданың жәрмеңкесін күріші, Атыраудың балығы, Шығыс Қазақстанды тіл үйірет тәтті балы үшін күтеміз. Әр облыстың өзіне тән бренді болады. Сондықтан мұндай шараны жыл сайын ұйымдастырып тұрғаны көңілге қонымды. Бүгін Катонқарағайдың та-нымал балының бірнеше түрін сатып алдым», — дейді астаналық Күлән Сейсенқызы. Осының өзі де мұндай игілікті шара тұрғындардың арзан бағада азық-түлік бағасына қол жет-кізуіне ғана емес, өңір шаруаларының да бә-секелестігін арттыруына ынталандыру болары анық.

Жадыра МҮСЛІМ

ҚАРЖЫ АЛАЯҚТАРЫНА ЖАЗА ҚАТАЛ

Қазіргі қоғамда алаяқтықтың алуан түрі бар. Өзгенің сеніміне оп-оңай кіріп, қаржы пирамидасының қақпанына түскендердің қатары жылдан-жылға артып келеді. Құқық қорғау органдары алаяқтарға қарсы алдын алу шарасын жасағанымен, қылмыскерлердің құлығына құрық бойламай тұр. Себебі оңай олжаға кенелгісі келетіндердің психологиясын олар да жақсы біледі. Айталық, астаналықтардың арасында да алаяқтарға алданып, опық жегендер көп. Олай болса, қаржы пирамидасын қалай ажыратуға болады? Қауіптің алдын алып, алаяқтардың әрекетіне тосқауыл болу үшін не істеу керек?

Жадыра МҮСІЛІМ

Шындығында, соңғы жылдары қаржы алаяқтары және одан сақтану жолдары туралы ақпараттан көз сүрінеді. Күн сайын құқық қорғау органдары күмәнді қаржы пирамидаларының жолын кесіп, өз кезегінде тұрғындарға да кепілдендірілген ақшаның артында алаяқтардың әрекеті жасырынып тұратынын жиі ескертеді. Астана қаласы ПД Криминалдық полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Дастан Калиевтің айтуынша, биыл елорда аумағында ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жасалатын 3 700-ден астам қылмыстық құқықбұзушылық тіркелсе, 690 іс ашылды. Тұрғындарға келтірілген залал 2 млрд 600 млн теңгеден асып жығылған. Мәселен, жыл басында «Аманат Холмға» қатысты «қаржы пирамидасын құру және оған басшылық ету» бабы бойынша қылмыстық іс тіркеліп, Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментіне берілді. Тіпті, осы күні ұрлық, тонау, қарақшылық сияқты дәстүрлі қылмыстарды қаржы алаяқтары артта қалдырған. Оның себебі, бұл қылмыс түрлерінің азаюына заманауи технологияларды енгізу және тұрақты жүргізілетін жедел-профилактикалық іс-шаралар есебінен біртәкесен күш-жігер арқылы қол жеткізілді. Алайда ақпараттық технологияларды қолданатын құқықбұзушылықтарға келетін болсақ, қазіргі тілмен айтқанда, қаржы алаяқтарының саны жыл сайын көбейіп келеді. «Тәжірибе көрсеткендей, шабуылдаушылардың қолынан зардап шеккендердің бәрі бірдей құқық қорғау органдарына жүгінбейді. Сондықтан нақты сандар статистикадан едәуір көп болуы да мүмкін», — дейді Дастан Ғабдурахимұлы.

Алаяқтардың алдауына түскендердің жас ерекшеліктері әртүрлі. Дегенмен олардың арбауына түскендердің арасында егде жастағы

адамдар жиі кездеседі. Себебі олар көбіне жана технологиялармен таныс емес және күмәнді ақпараттан хабары жоқ. Сондықтан олар қаржы алаяқтарынан сақтанып жатпайды. Сондай-ақ қылмыскерлердің қармағына түскендердің қатарында жеңіл ақша іздейтін адамдар да көбейіп отыр. Тәжірибе көрсеткендей, көп адам аз ақшадан көп пайда тапқысы келеді. Осылайша, салған жинақтарын қысқа мерзімде көбейтіп беруге көзсіз сенім артады екен.

Сол үшін елордалық Полиция департаменті қала әкімдігімен бірлесіп тұрақты негізде интернет алаяқтықты азайтуға және халықтың қаржылық сауаттылығын арттуға бағытталған алдын алу іс-шараларын тұрақты жүргізуде. Осылай деген Дастан Қалиев: «Біз қазір әкімдікпен бірге әртүрлі ақпараттық түсіндіру шараларын өткізіп келеміз. Оның ішінде орта және жоғары білім беру мекемелерінің мектеп оқушыларымен, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың қызметкерлеріне «Алаяқтардың айла-амалдарына қалай түспеуге болады? Өз жинағыңды алаяқтардан қалай қорғау керек?» деген тақырыпта дәрістер ұйымдастырылады. Одан бөлек, тұрғындар көп жиналатын орындарда еріктілер қозғалыстарымен бірлесіп ақпараттық-профилактикалық сипаттағы буклеттер таратылады, көшелерде трафареттерді пайдалана отырып ескерту жазулары жазылады, сауда-ойынсауық орталықтарында және қала базарларында аудио және бейнероликтер таратылады. Себебі қазіргі кеді интернет пен қаржы алақтығы кең таралған тұста кез келген адам қырағы және сак болуы маңызды. Интернеттегі алаяқтық туралы хабардар болу қылмыстық шабуылдардың алдын алуға және өзіңізді ғана емес, жақындарыңызды да қауіптен қорғауға көмектеседі», — дейді.

Оның айтуынша, алаяқтардың негізгі схемалары ұқсас. Бірінші-ден, қылмыскер банктердің немесе



құқық қорғау органдарының қауіпсіздік қызметі қызметкерлерінің атынан қонырау шалады. Әңгімелесу барысында қаскүнемдер банктік шоттарды пайдалана отырып жүргізілетін рұқсат етілмеген, алаяқтық операциялар не әлеуетті құрбандардың атына, яғни қонырау шалған адамға қарыздарды ресімдеу туралы хабардар береді. Осындай жағдайда ең абзалы — өңгімені үзіп, бұл туралы полицияға хабарлау қажет. Тағы бір ескеретін жайт, ешқандай жағдайда дүрбелеңге түспеу керек. Өйткені бірінші кезекте алаяқтар сұхбаттасушының қорқытуға және бағытын өзгертуге, банктік шоттар мен келіп түскен СМС-хабарламалар бойынша бар-

лық мүмкін мәліметтерді алуға тырысады. Сол үшін полиция қызметкерлері ешқандай қосымшаларды орнатпауды ерекше ескертеді. Әсіресе, AnyDesk, RustDesk, TeamViewer секілді құрылғыларды қашықтан басқаруға арналған қосымшаларды орнату — алаяқтардың құрбанына айналдыруы оңай. Екіншіден, әлеуметтік желілерде және сауда аландарында тауарлар мен қызметтерді сату сияқты қаржы алаяқтығының түрі артқан. Мәселен, бұл қылмыскерлердің әртүрлі тауар, әртүрлі қызметті «сату» үшін әккілердің ойлап тапқан алаяқтары болып табылады. Әдетте бұл автомобильдер, тұрмыстық техника, жиһаз, киілетін заттар, аксессуар-

лар, тұтыну тауарлары, тамақ өнімдері және т.б. қызмет түрлері болуы мүмкін. Қылмыскердің мақсаты — пайда табу. Сондықтан олар уақыт күттірмей кез келген жолмен ақша қаражатын алдын ала төлем ретінде аударуды сұрайды. Мұндай жағдайда сауда-саттықтан бас тартқан жөн. Тауарды өз көзіңізбен көрмей, қаржы аударымын жасату — алаяқтардың ең сүйікті әдісі. Үшіншісі — фишингтік сайттарды пайдалану. Мұндай әдісті қылмыскерлер дербес деректер мен банктік мәліметтерді жинау үшін сәтті пайдаланады. Бір қарағанда мұндай сайттарды ресми сайттармен ажырату қиын. «Мысалы, сіз сайттардың бірінде хабарландыру жарияладыңыз және сізге бұрын таныс емес адам хабарласып, тапсырысты ресімдеуді сұрайды. Артынан өздерінің жалған сілтемесін жібереді. Сілтемені басу арқылы сіздің деректеріңізді, яғни аты-жөніңізді, туған жылыңызды, банк картасының нөмірін, жарамдылық мерзімін және CVV кодын енгізу сұралады. Толтырылғаннан кейін банк картасынан ақша қаражатын есептен шығару басталады», — дейді Дастан Ғабдурахимұлы. Төртіншіден, криптовалютаға, бағалы қағаздар секілді инвестициялаудың түрін айтып, түрлі айла-шарғыны орындайды. Қазір жана мүмкіндіктер мен технологиялардың келуімен криптовалюталардың қозғалысы да белсенді даму үстінде. Мұны түсінетін алаяқтар да үлкен табысқа ие болудың жолын осы жерден іздеуге көшті. Мысалы, әлеуметтік желілерде акцияларды немесе криптовалюталарды сатып алу және сату туралы жарнамалар салынады. Осындай жарнама арқылы хабарласатын алаяқтар ұлттық компанияның немесе брокерлерге қызмет көрсететін басқа ұйымның қызметкері ретінде хабарласып, «тиімді» ұсыныстарын жеткізеді. Сөйтіп, тұрғындарды бизнесін бастау үшін бастапқы кезеңде аз мөлшерде ақша салуға көндіреді. Бірнеше күннен кейін олар адамдардың сеніміне кіру мақсатында тапқан пайдасымен салынған ақшаны қайтарады. Осыдан кейін олар екінші рет қомақты соманы төлеуді сұрайды. Алаяқтардың айла-амалдарына тап болғандардың көпшілігі осындай оңай олжаға сенгендер. Олардың көбі интернет сайттардың мүмкіндігіне молынан сеніп қалғандар. Шын мәнінде, ақша жинағының өсуін бақылап отыратын жеке кабинеттер туралы жарнаманың барлығы жалған. Бесіншіден, егде жастағы азаматтарға қонырау шалатын алаяқ көп. Бұл әдістегі кең таралғаны — қылмыскер құқық қорғау органдарының қызметкерлері атынан хабарласып, жақын адамының үстінен қылмыстық іс қозғалғаны туралы хабардар етеді. Артынша қылмыстық жауапкершіліктен босату пара ретінде ақша сұрайды. Өз кезегінде олар әртүрлі интернет платформаларда жеке ең-

бек қызметін жүзеге асыратын кәсіпті алаяқтарды жібереді. Сондай-ақ қазір заңсыз қаржылық операцияларды жүргізу немесе қылмыстық жолмен алынған ақшаны жылысатату үшін өздерінің банктік карталары мен жеке деректерін беру арқылы қылмыскерлерге жәрдем көрсететін алаяқтықтың түрі де кенінен таралып отыр. Көбіне мұндай ұсынысқа ұрынатындардың арасында студенттер, жұмыссыз жастар мен оңай табыс іздейтіндер көп.

Сонымен бірге үшінші тұлғалардың банктік карталарын қолдана отырып, қылмыстық жолмен алынған ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға байланысты қызметке қатысатын адамдарға қылмыстық жауапкершілік қарастырылады. Жакында осындай қылмыстық жолмен алынған ақшаны қолма-қол ақшаға айналдырған Ресей азаматы 6 жыл мерзімге сотталды. Қазір осындай үшінші тұлғалардың банктік карталарын пайдаланған 79 адамға қатысты тергеу әрекеттері де жүргізіліп жатыр.

Астана қаласы ПД Криминалдық полиция басқармасының бастығы осы күні әлемнің 30-дан астам елінде қаржы пирамидаларының қызметіне тыйым салынғанын айтады. Алаяқтықтың бұл түрі Канада, Франция, Италия, Қытай, Ұлыбритания, Біріккен Араб Әмірлерінде қатаң бақыланады. Біздің елімізде де қаржы пирамидасын құрғандарға заң қатал. Қылмыскерлер ел заңы бойынша Қылмыстық кодекстің 217-бабы бойынша мүлкі төркіленіп, 12 жылға дейін бас бостандығынан айыруға дейін барады. Сондай-ақ белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойы айыру көзделген. Қаржы пирамидасын жарнамалағандарға да жауапкершілік бар. Оларға қолданыстағы заңның негізінде мүлкі төркіленіп, 4 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделеді. Одан бөлек, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен үш жылға дейінгі мерзімге айналысу құқығынан айыру кіреді. Сондықтан Дастан Қалиев «Интернет сайттарда тауарлар мен қызметтерді сатып алу кезінде ерекше қырағы болу керек. Өзіңіз бен жақындарыңыздың жеке мәліметтері мен банктік есепшоттары туралы деректерді құпия ұстаған жөн» деп отыр. Ал егер қаржы пирамидасынан байланысқан шыққаны туралы күмән туындаса, тұрғылықты жері бойынша құқық қорғау органдарына хабарласу қажет. Болмаса Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне немесе Қаржы мониторинг агенттігіне жүгірген жөн. Бір сөзбен айтқанда, кез келген күмәнді ақпараттың артында алаяқтар тұрмасына кепілдік жоқ екенін ескерсек, әр істі бастамас бұрын жеті рет өлшеп, бір рет кесу артық етпейтіні анық.

НАР ТҮЛҒАЛЫ ПОЛКОВНИК

Халқымыз «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп бекерден-бекер айтпаған. Орынды айтылған жылы сөз адамды жігерлендіреді, өмірге құштарлығын арттырады, жан сарайын жаңғыртады. Кейде біз жанымызда жүрген жақсы адамдардың іскерлік қасиетін бағалай алмай жатамыз. Біріміз оның істеп жатқан жұмысына іштей сүйсінсек, енді біріміз өзімізше мойындамаймыз. Өйтсе де, барды бар, жоқты жоқ деп айтқанға не жетсін...

Иә, көптен бері жаныма жалау болған осы бір ұзын бойлы, аққұба келген нағыз офицер жайлы жазуды ойлап жүр едім. Бүгін соның сәті түсіп, өзгеше құрметпен қарайтын әріптесім туралы қалам тербеп отырмын.

Полковник Дәурен Қуанышұлының есімі — Шекара академиясы мен қатар ҰҚО және Шекара қызметіндегі әскери қызметшілерге жақсы таныс, тұлғалық қасиет қалыптастырған біртуар азамат. Шекарашы курсанттарға саналы тәрбие беруде өнегелі үлгісімен, жанашылдық жолымен, бастама-шыл іс-әрекетімен абыройлы қызмет атқарып жүрген тәжірибелі шекарашының тынымсыз еңбегі қандай құрметке де лайықты. Ол ұжымда жанының тазалығымен, көңілінің адалдығымен, қарапайым мінезімен және қызметтегі білгірлігі үшін үлгі тұтып сыйлайтын, әрдайым білікті маман ретінде ерекшеленеді.

Біз әңгімелеп отырған Дәурен Қуанышұлы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясында қызмет етеді. Тәрбиелік, әлеуметтік-құқықтық және идеологиялық жұмыстар басқармасы бастығының орынбасары лауазымында. Төртіп пен тәрбие тізгінін тең ұстаған тәрбиеші офицер. Аталмыш оқу орнының 1998 жылғы түлегі. Өзінің айтуына қарағанда, курсант кезінде оқыған 4-оқу дивизионында курсанттар көп болған соң бұларды басқа әріптестері «Монғолы» деп атаған екен.

Ол өз кезегінде талай рет оқу дивизиондары арасында және қаларалық ұйымдастырылған КВН ойындарына қатысып, көпшіліктің көңілінен шығып өнерпаз атанған. Кейіннен қызмет атқара жүріп, курсанттарды осы өнерге баулып, бірнеше рет жүлделі орындарға қол жеткізіп, сонау Ресей Федерациясының Сочи қаласына дейін барып, курсанттардың өнерін паш етіп келген.

Алғашқы «лейтенант» әскери шенінен «полковник» шеніне дейін жеткен шекарашы кез келген істе алдына қойған мақсатына жетпей

шы Бауыржан Момышұлы туралы жазылған Александр Бектің «Волоколамское шоссе» кітабын салтанатты түрде табыс ету рәсімін дәстүрге айналдырды.

Сонымен қатар шекарашы офицердің келіссөздер жүргізудегі шеберлігінің нәтижесінде ару қаламыз Алматыдағы Халық банкінің FREEDOM LIFE қызметкерлерімен ортақ мәмілеге келіп, қаржылай қолдау көрсетуді ұйымдастырып, екі бірдей психологиялық түзету және оналту зертханасының пайдалануға берілгенін айта кеткеніміз жөн.

“Қолынан келсе жақсылық жасап, кішіге аға, үлкенге іні болып жүретін жақсы қасиеттерін үнемі көріп жүрміз. Біреулерге істеген жақсылығын бұлдамайтын асыл қасиеті тағы бар.

қойған емес. Бір нәрсені ойына алды ма, соны аяғына дейін жеткізбей тынбайтын тынымсыз жан. Бүгінде оның бастамашылдығымен Шекара академиясында көптеген игілікті іс жүзеге асырылып келеді.

Атап айтқанда, Шекара академиясы эмблемасының эскизін және қадесый бұйымдарының дизайнын жасауды және бітіруші түлектерге арнайы данқты қолбас-

«Жас шекарашы» балалар әскери-патриоттық клубы мен Шекара академиясының Әйелдер қауымдастығы ұйымының жүзеге асуына да Дәурен Қуанышұлы тікелей себепші болды.

Шекара академиясының он имиджін қалыптастыру мақсатында абыройын асқақтатып, беделін биіктететін видеороликтерді мон-таждап, әлеуметтік желілерге тү-



рақты түрде жариялап тұруды әдетке айналдырған креативті офицер кейінгі жастарға жиган тәжірибесін үйретуден жалыққан емес. Ұжымда «басқарма энциклопедиясы» деп жас офицерлер кейіпкеріміздің ақыл-кенесіне жүгінуді үрдіске айналдырған. Өз кезегінде олар да кез келген, әрқашанда ізденісте жүретін білікті офицер ұжымдағы әріптестері мен бірігіп, академия аумағындағы стендтер мен баннерлердің, оқу дивизиондарының мәдени-ағарту мүліктерін және «Ерлікпен қаза тапқан Шекара академиясының түлектері» туралы мемориалдық ескерткіш тактанын бой көтеруін толықтай қамтамасыз етілуіне атсалысты.

«Газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы, Шекара академиясының өзіндік басшылығы болып табылатын «Академия: Бүгін. Ертен. Кеше» атты айлық газетінің бүгінде өз жалғасын тауып жарық көруіне қолдау білдірген тәрбиеші офицер, жақында ғана ҰҚК баспасөз қызметімен келісіп, іске қосылған Telegram арнасының құрушысына айналып үлгерді. Сондай-ақ академия тарихынан хабардар ететін

кітаптың жарық көруіне тікелей атсалысқан Дәурен Қуанышұлы мұндағы орыс тілінде жазылған әр материалды оқып, ондағы кемшіліктерді, жетіспей тұрған жерлерді көрсетіп, мерейтойлық кітаптың сапалы болып шығуын мықтап қолға алды. Ол мұнымен де тоқтап қалмай, әрқашанда ізденісте жүретін білікті офицер ұжымдағы әріптестері мен бірігіп, академия аумағындағы стендтер мен баннерлердің, оқу дивизиондарының мәдени-ағарту мүліктерін және «Ерлікпен қаза тапқан Шекара академиясының түлектері» туралы мемориалдық ескерткіш тактанын бой көтеруін толықтай қамтамасыз етілуіне атсалысты.

«Газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы, Шекара академиясының өзіндік басшылығы болып табылатын «Академия: Бүгін. Ертен. Кеше» атты айлық газетінің бүгінде өз жалғасын тауып жарық көруіне қолдау білдірген тәрбиеші офицер, жақында ғана ҰҚК баспасөз қызметімен келісіп, іске қосылған Telegram арнасының құрушысына айналып үлгерді. Сондай-ақ академия тарихынан хабардар ететін

суреттер мен көмкеріліп, сапалы безендірілген тоқсан сайын жарық көретін альбомның шығуына бастамашы болған Д.Белғожаев, курсанттық әнұранның шығуына себепкер.

Әріптесіміздің өз ісінің майталманы екеніне ешкімнің таласы жоқ. Оның ұжым алдындағы атқарып жатқан жұмыстарын айта берсек бір мақаланың көлеміне сыйғызу мүмкін емес. Біз ең маңызды дегендеріне ғана тоқталып өттік. Бұдан басқа да белсенділік танытып, атқарып жатқан істері жетіп артылады.

Ал алдамгершілігі тұрғысынан сыр шерте кетсек, бүгін таусылмасы белгілі. Қолынан келсе жақсылық жасап, кішіге аға, үлкенге іні болып жүретін жақсы қасиеттерін үнемі көріп жүрміз. Біреулерге істеген жақсылығын бұлдамайтын асыл қасиеті тағы бар.

Олай болса, сөзінен де, қолынан да іс келетін жүйріктің алдағы қызметіне сәттілік тілеп, осы қарқынынан тайма дегіміз келеді.

Жанат ЖАБЫРБЕКОВ,
ҰҚК Шекара академиясының
баспасөз хатшысы

Бүгінде Жамбыл облысындағы жол-көлік оқиғаларын жиі естиміз. Статистикаға көз салсаң, сана сан-саққа кетеді. Мәселен, ресми мәлімет бойынша, Әулиеата өңірінде 1380 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, республика көлемінде үшінші орын-ды көрсеткен. Бұл – әрине, төбе ша-шыңды тік тұрғызатын көрсеткіш. Сонда жол апаттарының жиілеуіне не себеп? Олардың алдын алу бағы-тында қандай жұмыстар жүргізілуде?

Саятхан САТЫЛҒАН

148 АДАМ
ҚАЗА БОЛҒАН

Жамбыл облыстық Полиция департа-менті берген ақпаратқа сүйенсек, биыл тоғыз айда тіркелген жол-көлік оқиғалары 40 пайызға төмендеген. Сондай-ақ зардап шеккендердің саны 40 пайызға, ал қаза тапқандардың саны 20 пайызға азайған. Яғни, былтыр жол апатынан зардап шек-кендердің саны 1 781 болса, ол 1 057-ге, ал қаза тапқандар саны 184 адамнан 148-ге кеміген.

Полиция департаменті тарапынан жүргізген талдау нәтижелері жол-көлік оқиғаларының дені жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің жеке тәртіпсіздігі сал-дарынан болатынын анықтаған. Нақтырақ айтсақ, жол апаттарының 97%-ы немесе 695 оқиғаның 677-сі жүргізушілердің кінә-сінен болған. Ал ең алаңдатарлығы, әрбір үшінші жол-көлік оқиғасы балалардың қатысуымен болатынын тіркеген. Нәтиже-сінде, бүгінге дейін жол апаттары салдары-нан 22 баланың өмірі қиылған.

ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕРДІ
ҚАҒУ ЖІЛЛЕГЕН

Жаяу жүргіншілерді қағып кету фактілері де жиілеуде. Олардың саны бүгінде 208 деректі құраса, онда 25 адам қаза тауып, 199 азамат түрлі дене жаракатын алған.

Күн сайын полиция қызметкерлері жол қозғалысы ережелерін бұзу деректерін анықтайды. Жыл басынан бері 495 мың тұрғынның жол қозғалысы ережелерін бұзу фактілері тіркелсе, оның ішінде көлікті мас

ЖАМБЫЛДАҒЫ ЖОЛ АПАТТАРЫ ЖАҒА ҰСТАТАДЫ



күйінде басқарғаны үшін 588 құқық бұзу-шы ұсталған.

ЖОСПАР ЖҰМЫР,
НӘТИЖЕ ҚАНДАЙ?

Міне, осындай жантүршігерлік көрсеткіштердің тіркелуіне байланысты облыстық Полиция департаменті жол-көлік оқиғаларының алдын алу жұмыс-тарын күшейтуде. Мәселен, осы таңға дейін 30-дан аса іс-шара ұйымдастырылып, бұқаралық ақпарат құралында және әлеуметтік желіде жарияланған бейне-аудиороликтер арқылы жүргізушілердің арасында үгіт-насихат жұмыстары жүр-гізілуде. Сондай-ақ балалардың қауіпсіз-дігіне де ерекше назар аударылуда.

Бұдан бөлек, жергілікті атқарушы орган өкілдерінің қатысуымен, ата-аналар комитеттері мен мектеп директорларымен кездесулер өткізілуде. Басқосулар бары-сында жол қозғалысы қауіпсіздігіне, бала-ларды көлік салонын тасымалдау кезінде

қауіпсіздік белдігі мен ұстағыш құрылғы-ларды пайдалану қажеттілігіне басымдық беріліп, түсіндірілуде. Сонымен қатар жол қозғалысы ережелерін сақтау туралы билбордтар мен паннолар орнатылған.

Тағы бір ерекше айта кетерлігі, 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап Полиция департаменті патрульдік полиция баталь-онының қызметкерлері жол-көлік оқиға-ларының алдын алу және жолын кесу мақсатында Алматы облысының шекара-сынан Түркістан облысына дейінгі ара-қашықтығы 450 шақырым республикалық «Батыс Еуропа—Батыс Қытай» трасса-сының учаскесінде екі бағытта да авто-мобильдер колоннасымен ілесіп жүруді жүзеге асыруда. Жол қауіпсіздігін бақылау үшін жол қозғалысы ережесін бұзушы-ларды тіркейтін 420 камера пайдаланылуда.

КӨЛІК БАСҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ
12 520 АДАМ ҰСТАЛҒАН

Облыстық Полиция департаментінің

бастығы Арманбек Баймурзиннің айтуын-ша, жүргізіліп жатқан шаралардың арқа-сында жол-көлік оқиғаларының санын 2 есеге дейін азайтуға қол жеткізіліпті.

— Жыл ішінде ауқымды жұмыстар атқарылды. Жүргізушілермен де, тұрғын-дармен де жіті түсіндіру жұмыстары жүр-гізілді. Полиция қызметкерлері күн-түн демей, кірпік қақпай қызмет етуде. Соның арқасында жол апаттарын екі есеге дейін азайттық. Алайда бұл қуанарлық көрсеткіш емес. Сондықтан жол-көлік оқиғаларының алдын алу шараларын бұдан әрі күшейту керек. Бұл бағыттағы жұмыстар менің тікелей бақылауымда болады, — дейді Ар-манбек Хакимбекұлы.

Жалпы, жол қателікті кешірмейтіні белгілі. Сондықтан жүргізушілерге барын-ша сақ болған абзал. Алайда «сақтансан, сақтайды» деген қағидатты көп адам ескере бермейтіні жасырын емес. Оған қоса, көлік жүргізу құжаты жоқ азаматтар да темір тұлпарды басқаруға отырып, заңсыздыққа жол беріп жатқанына не дерсің? Мәселе биылғы тоғыз айда көлік басқару құқығы жоқ 12 520 адам ұсталып, ҚР ӘҚБтК 612-бабы бойынша іс қозғалған.

ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ
ӨЗДЕРІ НЕ ДЕЙДІ?

Осы орайда Жамбылда жол-көлік оқи-ғаларының жиілеу себебін жүргізушілердің өздерінен де сұраған едік.

— Негізі, бар кінә жүргізушілердің өзінде. Жол ережелерін сақтамайды. Оған қоса, жылдамдықты асырып, жүйткіп айдайды. Әйтпесе, бұрынғыдай бағдар-шамдардың істен шығуы немесе жолдың тар болуы сынды келеңсіздіктер қазір жоқ. Тараз қаласының көшелеріне қарайтын болсаң, бұрылыс қалташасы, айналып өту жолағы сынды барлық жағдай жасалған. Тек ереже сақтау керек. Тағы бір айта кетерлігі, көлікті қазір жас балалардың

басқарып келе жатқанын көп байқайсың. Қарапайым жол ережелерін сақтамай, алдынды кесіп өткенін көріп, «бір нәрсеге ұрынып қалмаса екен» деп тілеп отыратын болдық. Сондай-ақ үлкен тас жолда жылдамдық көрсеткіші 110-ды көрсетіп тұрса, сағатына 150-160 шақырым жылдам-дықпен жүретіндер көп. Соның салдарынан жол апаттары жиі болады. Сондықтан мен жүргізушілерді асықпауға, жол ережелерін сақтауға шақырамын, — дейді 20 жылдық жүргізушілік тәжірибесі бар Тараз қаласы-ның тұрғыны Нұрхан Нұрланбек.

Ал Серік Қалдыбектің айтуынша, жол апаттарының болуына жастардың әлеумет-тік желіде көп отыруы себеп.

— Қазір жастар жүргізуші куәлігін алған бойда үлкен тас жолға шығып кетеді. Бұл дұрыс емес. Көлікті қала ішінде айдау бөлек те, үлкен жолда басқару бөлек. Өзіндік ережелері мен қауіпі бар. Көп жас соны ескере бермей, үлкен жолға бірден шығып кетіп, арты қайғылы оқиғалармен аяқталып жатыр. Одан бөлек, жастардың көлік басқарып келе жатып әлеуметтік желілерде тікелей эфирде отыруы әдетке айналып барады. Тіпті, «сторис» түсіреміз деп қаншасы жол апатына ұшырауда. Сондай-ақ көлік басқарып келе жатып телефонмен сөйлесу де қауіпті. Себебі сен көлігінді басып озып келе жатқан жүргізу-шіні немесе қарсы бағытқа шыққан темір тұлпарды байқамай қалуың мүмкін. Сон-дықтан жолда тек жолға қараған жөн. Бөл-кім Үкімет үйіндегілер «Батыс Еуропа—Батыс Қытай» сияқты халықаралық дәліз-дерде әлеуметтік желілерді мүлде қосыл-майтын қылып қойса, жол апаттарының саны азаяр ма еді деген ой келеді. Ол енді билік мінберіндегі азаматтардың құзы-ретіндегі дүние, — дейді Серік.

P.S.

Міне, осындай қайғылы оқиғалардың алдын алу үшін, ең бірінші, жүргізушілер мен жолаушыларға барынша сақ болған абзал. Жол ережелерін сақтап, ескертпелерге әлесті қарамау қажет. Сонда ғана бауырымыз бүтін, жақынымыз аман қалмақ.

Жамбыл облысы

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ



Жетісу облысында жүздеген жанды жұмыспен қамтитын болашағы жарқын бірқатар ірі жоба жүзеге асырылуда. Облыс орталығы мен Талдықорған қала-сына жақындау орналасқан аудандарды айтпағанда, шалғайда қоныстанған Панфилов, Алакөл сынды елдің шеті, желдің өтінде тұрған шекаралы аудан-дарда да өңірдің өркендеуіне ғана емес, еліміздің дамуына даңғыл жол ашатын үлкен істер қолға алынуда. Ақсу, Сарқан сынды агроөнеркәсіпті өркендету мүмкіндігі мол, әлеуеті зор аудандарда да халықтың тұрмысын жақсартып, әлеуетін арттыруға нақты қадамдар жа-салуда. Моноқала Текеліде де тұрғындар тұрмысының оңалуына оң ықпал ететін бағдарламалар ойластырылған.

Дабырасы мен дақпырты көбейіп кеткен, алғашында қоңсылас жатқан екі елдің келісімімен алып құрылыстар жоспарланған, кейіннен көрші мемлекет өзіне қарасты аумақта барлық міндеттемені орындағанымен, біздің тарапта жобалар жүзеге аспай қалған. «Қорғас—Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының Қазақстанға тиесілі аумағында «Қытай—Қазақстан халықаралық индустриалды қала» жобасын жүзеге асыруға байланысты сәйкес үлкен жұмыстарды бастады. Игілікті істі қолға алған компания 200 гектар аумақта жоспарланған құрылыстың бірінші кезеңіне кірісті. Жобаның алғашқы сатысында атқарылар істердің қатарында инженерлік желілер мен магистралды көшенін құрылысы сынды маңызды нысандар бар. Биылғы қарашадан бастап инвесторлар арнайы экономикалық аймақтың аумағынан тыс учас-келерде де әкімшілік ғимараттар мен қонақүй нысандарының құрылысын бастайтын болды. Жобаның басты мақсаты — индустриалды парк салу, «Қорғас — Шығыс қақпасы» АЭА-да өндірістік және логистикалық қызмет көрсетулі ұйымдастыру. Жобаның жалпы құны — 330 млрд теңге. Барлығы ойдағыдай жүзеге асы-рылатын болса, жақын елді мекен тұрғындары үшін 2 мыннан астам жұмыс орны ашылады.

Облыста өткен жылмен салыстырғанда жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 28,4%-ға көбейіп, 59,7 мыңға жетіпті. Қазір өңір экономикасының негізгі тіректерінің бірі болып салада 102,9 мың адам еңбек етеді және бұл сан 2022 жылғы деңгейге қарағанда 21,8%-ға артық.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының деректері бойынша, 2023 жылға кәсіпкерлікті дамыту үшін 6,8 млрд теңге бөлінсе, оның 6,1 млрд теңгесі республикалық бюджеттен, 723,7 млн теңгесі жергілікті бюджеттен қарастырылған. Қазірге дейін жалпы кредит сомасы 15 млрд теңге болатын 335 жоба мақұдланған. «Бастау бизнес» жобасы бойынша 3 809 адам оқытуға жіберіліп, олардың 2 752-сі оқуын аяқтаған, 565-і өз ісін ашыпты. Әрқайсысы 400 АЕК-ке дейінгі, жалпы сомасы 302,2 млн теңге болатын мемлекеттік грант 219 адамға беріліпті. Ал жастар кәсіпкерлігін қолдау мақсатында 1 қазанға дейін 1,2 млрд теңгеге 268 бизнес-жоба мақұдланған.

Облыс тұрғындарының басым бөлігі тұра-тын ауылды жерлерді дамытуға, жергілікті жерде тұратындардың табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру аясында өңірге республикалық бюд-жеттен 3,2 млрд теңге қарастырылған. Бірінші қазандағы жағдай бойынша, 3,6 млрд теңгеге



547 өтінім қабылданып, 1,2 млрд теңгеге беріл-ген 218 өтінім мақұдланып, 216 қарыз беріліпті. Соның ішінде ауыл шаруашылығына жатпай-тын қызмет түрлері бойынша 33,2 млн теңгеге 6 микрокредит берілген. Осындай қолдаудың нәтижесінде 5 кооператив құрылып, 206 жеке кәсіпкер тіркелген.

Жетісу облысында биылдан бастап бизнесті қаржылық емес қолдау шеңберінде Zhetysu invest инвестиция тарту өңірлік орталығы жұмыс істейді. Осы орталық арқылы «бір терезе» форматында бизнесті дамыту мен инвестициялық жобаларды іске асырудың барлық шаралары ұсынылады. Орталықтың филиалдары Талдықорған мен Алматы қала-ларында орналасқан. Сондай-ақ облыста ша-ғын және орта бизнесті дамыту, халықты жұ-мыспен қамту бағытында тұрақты негізде

«Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы қызмет көрсетеді.

Жұртшылықты еңбекпен қамтуда бірінші кезекте жастардың жұмысқа орналасуына баса назар аударылады. Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметіне қарағанда, 1 қазандағы мәлімет бойынша Жетісу өңіріндегі жұмыспен қамту органдарына 12 440 жас еңбекке орналастыру жөнінде жүгініп, олардың тең жартысынан астамы немесе 6 577-сі жұмысқа орналастырыл-ған. Екі қолға бір күрек іздеген жастардың 3 931-і тұрақты жұмыс орнын тапқан.

Еңбек еткісі келген жастардың арасынан 1 544 адам қоғамдық жұмыстарға, 117 адам әлеуметтік жұмыстарға, оқу орындарын енді бітірген 629 түлек жастар тәжірибесіне жіберіл-ген. Сонымен бірге 331 жас алғашқы жұмыс орнына орналасса, 25 адам ұрпақтар келісім-шарты бойынша еңбекпен қамтылған. Тағы 242 жас қысқамерзімді кәсіби оқудан өтуге мүмкін-дік алған. Электронды еңбек биржасында онлайн оқудан өткендер саны — 640, «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіз-деріне оқытуға 1 735 адам жолдама алып, 82 адам грант иеленген. 268 жас шағын несиеге қол жеткізген.

Жалпы, «2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі» Ұлттық жоба ауқымында қысқамерзімді оқыту бойынша биыл 800 адамды оқыту жоспарланып, бұл мақсатқа 283,6 млн теңге бөлініпті. Қазір өңірлік комиссия осы жоспарды орындау үшін оқу орындары мен орталықтардың тізімін жасап, бекітті. Бұл тізімге облыстағы 9 колледж мен 22 оқу орталығы енгізілген.

«Бүгінге дейін қысқамерзімді кәсіптік оқытуға 651 адам жіберілді, оның ішінде жұмыс берушілердің сұранысы бойынша қысқамер-зімді оқытуға 628 адам және жұмыс берушілер-дегі бар жұмыс орындарына 23 адам жөнел-тілді. Бұл ретте әзірге белгіленген жоспардың орындалуы — 81,3%. Қысқамерзімді оқуды 464 адам аяқтап, олардың 435-і тұрақты жұмысқа тұрды, бұл жоспардың 93,8%-ы», — дейді басқарма басшысы Ермек Мизамбаев.

Облыстық мансап орталықтарының мәлі-меттеріне қарағанда, техникалық мамандық-тарға, сәулулық саласындағы мамандарға деген сұраныс жоғары екендігі байқалады. Соған сай, дәнекерлеуші, автомобиль жөндеуші слесарь, технологиялық қондырғыларды жөндеуші слесарь, электрондық-есептеу машиналарының операторы, ветеринариялық санитар, ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машин-исі, аспазы, электргазбен дәнекерлеуші, элек-тронмонтер (барлық атауы), кондитер, пішуші, бухгалтер, жиһаз жинақтаушы, маникюр шебері, тігін ісінің шебері және тағы да басқа мамандықтар бойынша оқытуға баса назар аударылып отыр.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Объявление об итогах повторного открытого тендера по закупке услуг «Испытание систем вентиляции»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке услуг «Испытание систем вентиляции» по лотам №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17 ТОО «Жарык аудит» Республика Казахстан, город Алматы, Алматинский район, улица Богенбай батыра, дом 239, кв. 32, БИН 140640003787.

Признать победителем по закупке услуг «Испытание систем вентиляции» по лотам №16 ТОО «Сараптама-аудит» Республика Казахстан, город Алматы, Турксибский район, улица Свободная, дом 123, БИН 140640010737.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-79

«Желдету жүйелерін сынау» қызметтерін қайта сатып алу бойынша ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру.

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Желдету жүйелерін сынау» қызметтерін №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17 лоттар бойынша сатып алудың, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 239 үй, 32 пәтер, БСН 140640003787, «Жарык аудит» ЖШС жөнімпаз болып танылсын.

«Желдету жүйелерін сынау» қызметтерін №16 лот бойынша сатып алудың, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Свободная көшесі, 123 үй, БСН 140640010737, «Сараптама-аудит» ЖШС жөнімпаз болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-79

Объявление об итогах открытого тендера по закупке товара «Приобретение аккумуляторных батарей ИБП для ТЭГ»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке товаров «Приобретение аккумуляторных батарей ИБП для ТЭГ» по лоту №2 несостоявшимся.

Признать победителем тендера по закупке товаров «Приобретение аккумуляторных батарей ИБП для ТЭГ» по лотам №1 и №3 - ТОО «Болашақ Астана Инвест» Республика Казахстан, город Астана, район Есіл, улица Керей Жәнібек хандар, дом 15, 46, БИН 151240005842.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

«ТЭГ үшін ҰҚК аккумулятор батареяларын сатып алу» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС лот №2 бойынша «ТЭГ үшін ҰҚК аккумулятор батареяларын сатып алу» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өтпеді деп танылсын.

Лот №1, Лот №3 бойынша «ТЭГ үшін ҰҚК аккумулятор батареяларын сатып алу» тауарларын сатып алу бойынша Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Керей Жәнібек хандар көшесі, 15 үй мекенжайында орналасқан, БСН 151240005842, «Болашақ Астана Инвест» ЖШС жөнімпаз болып танылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-50 телефоны арқылы алуға болады.



ЖЫЛТ ЕТЕДІ БІР ҮМІТ...

Футболдан ұлттық құрама сырт алаңда Финляндиядан жеңісті жұлпы алды. Бұл ойын ел ішіндегі үмітті қайта маздатып, 2024 жылы өтетін Еуропа чемпионатына жолдама алуға біртабан жақындатты. Соңғы минуттағы жүрек қағысы, бұрыштаманы көтерген сәттегі эмоция, бәрі-бәрі қазақ даласында жанкүйер мәдениеті қалыптасып келе жатқанын, спорт көпті біріктіретінін көрсетті.

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

ХЕЛЬСИНКИДЕГІ ЖАНКҮЙЕР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Иә, қыркүйектегі Солтүстік Ирландиямен ойыннан кейін алда жан алысып, жан берісетін екі ойын күтіп тұрғанын топышылады. Айтса айтқандай, 15 қазан күні Дания құрамасымен ойын тартысты өтті. Құрама капитаны Асхат Тағыбергenniң алыстан шірене тартқан добын көргенде «біздіңде қауқар бар» дестік. Копенгагеннен жауапсыз үш голмен кетпейік дегендей Вороговскийдің дәл соққысы көңіл қуантқан-ды. Сонда сырт алаңда жанкүйер болған жанкүйерлердің көзіндегі отты көрсеніз. Олар да ұлттық құраманың деңгейі өскенін, осылай жалғаса берсе әлі де алға жылжитынымызды топышылады, білем.

Ал Хельсинкидегі қиян-кескі ойында ұлттық құрама екінші таймда «не бел, не белбеу кетеді» позициясына көшті. Өйткені Дания құрамасынан жеңілгеніміз, турнирлік кестеде артқа шегінуге әкелді. Бұлай жалғаса берсе, Еуропаға қош айтармыз анық еді. Ойын барысындағы Финляндияның аса сақ қимылы «қазақтар, қайда барасыздар?» дегендей әсер қалдырды. Олар әуелден шашау шығармай ойнап, ары қарай оңай өтемсіз тактикасын ұстанғанын көрініп тұрды. Сөйтті де, матчтың 28 минутында Тейлор есеп ашып кетті. Онсыз да төпелеген шабуылдан ұлттық құрама есенгіреп қалды. Бірақ екінші таймда ойын өзгеріп сала берді. Мұны матчтан кейінгі берген сұхбатында Зайнутдинов те қосталды. Оның айтуынша, үзілісте бас бапкер Могамед Адиев ойыншыларды сөзбен сыбап, мотивация берген екен.

«Алғашқы тайм ауыр болды, жоспарымызды жүзеге асыра алмай қойдық. Содан кейін бапкер қажетті сөздермен жігерлендірді. Біз Еуроға шықсақ деп армандаймыз, сондықтан жеңілуге құқымыз жоқ еді. Елтанба үшін күресеміз. Адиев не айтты дейсіз бе? Ол өз арамызда қалғаны дұрыс. Бапкер мақалдатып сөйлейді. Бұл бізге ерекше әсер етеді», — деді Бақтияр Зайнутдинов.

Бас бапкер Могамед Мұсаұлы да ойынды өздері қалағандай бастай алмағанын алға тартты. Айып добынан гол өткізіп алып, ары қарай біраз есенгіреп қалғандарын да жасырмады. Оның айтуынша, екінші таймда қауіпті сәттерді алма кезек



ұйымдастырғаннан кейін қалаған нәтижеге жеткен. Оған қоса, маман жігіттердің аздап қысылып ойнайтынын, себебі мойындарында «ел сенімін ақтасам» дейтін жүк тұрғанын атап өтті.

«Матчқа келсек, Финляндия құрамасы жанкүйерлерінің алдында бар күшін көрсетті. Алайда екінші таймда сәл босансып қалғандай көрінді. Одан кейін ойындары жүрмей қалғаны тағы бар. Бас бапкерлері Теэму Пукки сияқты мықты ойыншыларын ауыстырып тастады. Оған қоса, жаракат алған футболшылары болды. Дегенмен олар 100% жеңіске жетеміз деп ойлады. Бірақ олай болмай шықты. Қазақстан құрамасы пенальти соққаннан кейін сенімді қимылдап, шабытка шабыт қосты. Сырт алаңдағы 200-ге жуық жанкүйердің қолдауының арқасында алға ұмтылып, екінші голды соқты. Сол тұста Могамед Адиев шабуылшы Абат Айымбетті алан дәл уақытында шығарды. Осылайша, бірнеше ойыншы алмастыру да пайдасын тигізді. Ойынның соңғы 15 минутын түгелдей ұлттық құраманың еншісіне жазсақ болады», — дейді ұлттық құрама президентінің кенесшісі Ермұхамед Мәулен.

«ӘЛІ ЕШТЕҢЕ БІТКЕН ЖОҚ»

Рас, алдағы сценарий бұлыңғыр. Ұлттық құрама турнирлік кестеде 15 ұпаймен үшінші орында тұр. 17 қараша күні «Астана аренада» Сан-Мариномен кездесу өтеді. Қалайда ұтылуға рұқсат жоқ, артымызда 30 мың жанкүйер мен Берлинде доп тепкен қазақты көрсек деген үміт бар. Одан кейін Люблинада Словения күтіп тұр. Ал аталған ойын тіптен жауапты. Турнирлік кестедегі ауыс-түйіске әсер етері хак. Ескерерлігі, турнирлік кестеде алғашқы екі орынды еншілеген екі команда Еуропа чемпионатына жолдама алады.

«Алдағы ойындарға тоқталар болсақ, келесі турда Дания құрамасы өз алаңында Словения құрамасын қабылдайды. Екеуіне де ұпай керек. Турнирлік кестеде аталған қос құрамда 19 ұпайдан бар. Негізі, тең ойнап қалса да қызық болайын деп тұр. Қазір топтағы шиеленістің шешімі ретінде үш нұсқа бар. Мысалы, екеуі тең ойнап 20-20 ұпайдан иеленсе, амал жоқ соңғы турдағы Словениямен ойында барымызды салуымыз керек. Словения алдағы ойында жеңілген күннің өзінде оларда 19 ұпай қалады. Ал біз жеңіске жеткенмен, 18 ұпай жетпей қалайын деп тұр. Сондықтан өз алаңымызда Сан-Маринодан, сырт алаңда Словениядан басым түсу керек. Менінше,

осы ойыннан кейін топтағы екінші орынның тағдыры шешіледі», — дейді футбол сарапшысы Ермұхамед Мәулен.

Иә, ұлттық құрама 17 қараша күні өз алаңында есебін түгендеп жатқанда, Дания Словениямен бірге турнирлік кестедегі бірінші орынға таласады. Екеуі тең ойнаған жағдайда бір-бір ұпайдан беріледі. Бірі жеңсе үш апай, жеңілгені ұпай алмайды. Мысалы, егер Дания жеңсе, 22 ұпаймен көш бастайды. Словения құрамасы сол күйі 19 ұпаймен қалады. Ол үшін ұлттық құрама Сан-Мариноны сөзсіз жеңіп, ұпайды 18-ге көбейтуі керек. Артында 20 қараша күні Словениямен ойында тиісті үш ұпайдың тағдыры шешіледі. Егер Словениядан басым түсер болсақ, турнирлік кестеде 21 ұпай жинаймыз.

«Топтағы белгілі бір құрамалардың бізге қарағанда шеберлік деңгейі жоғары. Бірақ бізде мінез, фарт, бас бапкер, атмосфера мен киіну бөлмесіндегі аура бөлек. Мұны федерация президенті де қосап отыр. Сол үшін сіз бен біз де ұлттық құраманы қолдап, келесі жылы Еуропа доп тебетініне сенейік. Иә, қиын. Алда Ұлттар лигасы аясындағы ойындар күтіп тұр. Даниямен өткен кездесуден кейін де футболшылар «бізге сеніңдер, бұл құрамадан жеңілсек те, Финляндияны жеңеміз» деді. Айтқанындай, сөзінде тұрды. Бірақ жанкүйерлерде де іштей күдік басым еді. Көпшілігі тең нәтиже күтті. Менінше, осы мінезбен ойнауды жалғастырсақ, Сан-Марино мен Словенияны жеңіп, іріктеу кезеңінен өтеміз», — дейді спорт комментаторы Ербол Қайыров.

Комментатор айтқанындай, әлі де арамызда ұлттық құрама ойынын сынап-мінейтіндер бар. Әлеуметтік желіде «жеңіске осынша қуанасыздар ма?» дейтін мысқылды да көрдік. Осы жөнінде психолог Дина Байділдаеваның қандай жеңіс болса да қуаныш сыйлайтынын, эмоцияны барынша бағалау керекін атап өтті. Оның айтуынша, спорттағы қандай да бір нәтиже адамға рух береді, біріктіреді. Алдағы үлкен




жеңістің бір бөлігіне айналады. «Ұлттық құраманың жеңісі ойыншыларға жігер береді, жанкүйерді шат-шадыман эмоцияға бөлейді. Айтарым, жеңісті құнсыздандырмайық. Қайта қуанған үстіне қуана түсейік. Бұл футболшыларға үлкен ресурс беріп, жинақы ойнауға көмектеседі. Жеткілікті ресурсы, барынша қолдайтын жанкүйері бар құрама артқа шегінбесі анық. Сондықтан демеу көрсетіп, ішкі тірек болуды үйренейік», — дейді ол.

Психолог айтпақшы, ойыннан кейін шын қуанған жанкүйер де аз емес. Тіпті, Берлинге барсаң деген ақшасына Словениямен ойынға билет алуға бел бұғандары да баршылық. Демек, ұлттық құраманы қандай жағдайда да қолдайтын жанкүйер мәдениеті қалыптасып келеді. Әлеуметтік желіде алғыс айтып, көре қалса күрмет көрсетуге дайын. Бастысы, осындай жеңістің арқасында әлем көк Ту астындағы футболшылардың биікке көтеріліп келе жатқанын бағамдап жүр.

АГРОӨНЕРКӘСІПКЕ 40 МЛРД ТЕНҒЕ БӨЛІНДІ

Соңғы жылдары Түркістан облысында ауыл шаруашылық саласына аса мән беріліп, көптеген жоба жүзеге асып жатыр. Салаға бөлінетін қаржының ауқымы да жыл сайын артып келеді. Айталық, былтыр агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдауға 30,3 млрд теңге бөлінсе, биыл қолдау көлемі 30 пайызға артты, яғни 40 млрд теңге бөлінді. Бұл туралы брифингте облыстық ауыл шаруашылығы басқарма басшысының міндетін атқарушы Әлібек Әбдіхалықұлы мәлімдеді.



Әлібек Әбдіхалықұлы журналистер алдында жалпы өңірдегі ауыл шаруашылық саласындағы атқарылып жатқан жұмыстарды кенінен атап өтті. Субсидия — тыңайтқыштарға, жылыжайды жылыту жүйесіне, дақыл өндірісіне, агроқұрылым жұмысын жандандыруға берілетінін айта келе Әлібек Әбдіхалықұлы облыстың аграрлық секторында 74 мың агроқұрылым жұмыс істейтінін жеткізді.

— Жалпы, нарықты азық-түлік өнімдерімен толықтыру, өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында 2021–2025 жылға дейінгі кезеңде агроөнеркәсіп кешені саласында жалпы құны 237,5 млрд теңгені құрай-

тын 97 инвестициялық жобаны іске асыру көзделген. Осы орайда 2021–2022 жылдары 48,4 млрд теңгеге 70 жоба іске асырылды. Ал биылғы 8 айда аталған салада құны 10,6 млрд теңгеге 26 жоба жүзеге асырылды, — делі спикер.

Бұдан өзге, облыста қарқынды бау шаруашылығы дамып келеді. Қазір оның көлемі 5 мың гектарды құрайды. Ал су үнемдеу технологияларын пайдаланатын алқап 30,2 мың гектарға жетті. Технология ағын суды үнемдеумен қатар өнімділікті 2–3 есеге ұлғайтуға мүмкіндік беріп отыр.

Тельман БЕЙСЕН,
Түркістан облысы

ПАРАСПОРТШЫЛАР ЖАРЫСҚА ТАСТҮЙІН ДАЙЫН

22-28 қазан аралығында Қытайдың Ханчжоу қаласында IV Азия пара ойындары өтеді. 4 жылда бір рет өткізілетін жарыста спорттың 22 түрінен 564 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

Байрақты бәсекеге еліміздің атынан 131 спортшы қатысады, олар 14 спорт түрінен 485 медаль жиынтығы үшін таласады. Олар пара жеңіл атлетика, пара пауэрлифтинг, пара нысана көздеу, пара таэквондо, пара үстел теннисі, пара жүзу, пара дзюдо, пара каноэ, пара ескек есу, пара садақ ату, пара велоспорт, волейболды отырып ойнау, бочка және шахмат сияқты жарыстарда бақ сынайды. Айта кетейік, атлеттеріміз спорттың пара таэквондо, пара велоспорт, пара каноэ, пара ескек есу және бочка түрінен Азия пара ойындарында алғаш рет өнер көрсетеді.

Ойындардың ашылуы мен жабылуы салтанатында еліміздің Туын ұстаушылар — волейболдан Азия чемпионатының күміс жүлдегері параспортшымыз Жанғали Сүйеуов және пара үстел теннисінен халықаралық жарыстардың чемпионы Алтынай Ержанқызы.

«Бүгінге дейін Азия Пара ойындарына дайындық аясында ұлттық құрамалар спорттың 14 түрінен 40-тан астам оқу-жаттығу жиынын өткізді. Спортшылар оқу-жаттығу жиындары кезінде қалпына келтіру шараларынан толықтай өтіп, қажетті медициналық препараттармен қамтамасыз етілді»,

— деп атап өтті Туризм және спорт вице-министрі Сәрсен Құранбек.

Естеріңізге салсақ, спортшылар мен жаттықтырушыларды біржолғы қаржылай қолдау Азия ойындарының жүлдегерлерімен бірдей мөлшерде болады. Осылайша, Азия Пара ойындарының чемпионы атанған спортшы 10 мың АҚШ доллары, ал алтын медаль иегерін жарысқа дайындаған жаттықтырушы — 5 мың АҚШ дол-



лары көлемінде ақшалай сыйақы алады. Құрлықтық біріншіліктің күміс жүлдегеріне — 5 мың АҚШ доллары, ал оның жаттықтырушысына 3 мың АҚШ доллары беріледі. Сондай-ақ қола медаль жеңіп алған ұлттық құраманы спортшысы үшін 3 мың АҚШ доллары көлемінде ақшалай ынталандыру және оның жаттықтырушысы үшін 2 мың АҚШ доллары көлеміндегі сыйлық қарастырылған.



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАҒАФСАЙ —
Қызылорда облысы
Баия ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 45102
Жеке жазылушылар үшін — 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4365
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114